



Алхан Бóкейхан: «Ultqa qyzmet etý – bilimnen emes, minezden»

AQTÓĠAI AJARY

1938 жылдың 15 тамызынан
бастап шығады

Ақтоғай айдандық қоғамдық-саяси басылым

www.facebook.com/a.ajary.kz

№ 42-43 (7985) 13 желтоқсан, Жұма 2024 жыл

aktogai_red@mail.ru



«Қарағанды
журналистикасын
дамытуға қосқан
үлесі үшін»



Президент реформасы –
өміршен өзгерістер

йесін реформалау қажет екенін атап өтті. Сондай-ақ жұмысшы мамандықтарын дәріптеу арқылы ғана қоғамда еңбекқор және нағыз маман болу идеясын насихаттауға болатынын жеткізді. Өз басым бұл ұсынысты

сиеттер өте жоғары бағалануға тиіс. Өз кәсібін жетік меңгерген мамандар ұлт сапасын арттырады. Сондықтан біз еңбек адамының мәртебесін көтеріп жатырмыз. Бұл бағыттағы жұмыс тоқтамайды, жалғаса береді. Жұмыстың жаманы

Адал, әрі табанды еңбек табысқа жетелейді

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» аталатын Жолдауын жария етті.

Жолдауды тыңдап, өмірімізге өзгеріс әкелетін тың бастамаларды танып, көңілімізге жақсы әсер қалдырғандығын жасырмаймыз.

Мемлекет басшысының әрбір Жолдауынан халықтың қоғам өміріне қатысты жаңа серпіліс күтетіні анық. Бүгінгі күн осындай үдеден шықты деп білемін.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев осы Жолдауда 2025 жылды «Жұмысшы мамандықтары жылы» деп жариялайтынын мәлімдеді. Осы уақыт ішінде техникалық және кәсіби білім беру жү-

дұрыс деп есептеймін. Өйткені соңғы уақытта елімізде заңгер мен экономист болғысы келетіндердің қарасы көбейді. Мектеп бітірген жастар жаппай жоғары оқу орнында оқып, оны бітіргесін жайлы кабинетте отырғысы келеді. Бірақ бәріне бастық болу қайда?! Сондықтан жұмысшы мамандықтарға да сұраныс жоғары болатындай жағдай жасап, бұған жастардың назарын бұру керек.

Мысалы, құрылыс саласына электрші, монтаждаушы, қаптаушы материалдармен жұмыс істейтін шеберлер, жұмысшылар ауадай қажет. Ендеше, мұндай мамандық иелерінің адал еңбегін ел арасында кеңінен насихаттауға тиіспіз. «Біздің қоғамда еңбек-қорлық, кәсібилік сияқты қа-

жок, кез келген еңбек қадірлі. Ең бастысы, әркім жауапкершілікті терең сезініп, өз міндетін сапалы атқаруға тиіс», – деді Президент.

Мемлекет басшысы бұл «Адал азамат – Адал еңбек – Адал табыс» қағидатына толық сай келетінін, адал әрі табанды еңбегімен табысқа жеткен адамдар қашанда құрметті, сыйлы болуы қажет екенін баса айтты. Осы орайда жұмысшы мамандықтардың беделін көтеру үшін оқу орындарындағы кәсіптік бағыт-бағдар беру жүйесіне жаңаша көзқарас керек деп есептеймін.

М.Сейдахметов
Аудандық ауыл-
шаруашылығы бөлімінің
сектор меңгерушісі.

Құрметті жерлестер, қадірлі ағайындар!

Сіздерді мемлекетіміздің ең ұлық мейрамы – Тәуелсіздік күнімен шын жүректен құттықтаймын!

16 желтоқсан – ата-бабамыздың сан ғасыр бойы аңсаған асқақ арманы мен ақжарма тілегі орындалып, жарқын жасампаздық пен үкілі үміті үстем болып, егемен еліміздің еркін дамуына айқара жол ашқан – қасиетті де қастерлі күн.

Тәуелсіздікті алған сәттен бастап Қазақстан мемлекеті жаңа жетістіктер және табысты өзгертулермен үлкен жетістіктерге жетті. Тәуелсіздік жылдарының ішінде біз әлемдік құрмет пен үлкен белестерге қол жеткіздік. Президентіміздің ел тұрмысын жақсартудағы тапсырмаларын орындау арқылы, біз алдағы уақытта ауданымыздың жоспарлары мен мақсат-міндеттеріне орай аймақ дамуындағы өзекті мәселелерді бірлесе шешіп, Қазақстанның гүлденуіне әрімен қарай үлес қосамыз деп сенеміз. Ата-бабамыз ғасырлар бойы армандап өткен тәуелсіз ел болу мәртебесін көру, бүгінгі ұрпаққа бұйырған зор бақыт. Осы қуанышымыз құтты, бақытымыз баянды болсын. Жаңа ғасырда қайта түлеген, жасарып, түрленген еліміздің тәуелсіздігі тұғырлы болсын. Осынау ел халқының бірлігі мен берекесін ұлықтап, мемлекеттің мерейін асыратын мереке күні сіздерге зор денсаулық, отбасыларыңызға бақ пен береке, шаңырақтарыңызға шаттық тілеймін!

Ақтоғай ауданының әкімі
А.Аманжолов.

Аудандық мәслихаттың
төрағасы Р.Әбеуов

* Жазымды жаңалық

Жаңа пәтер кілттері табысталды

Ұлу жылы Ақтоғай еліне өзіндік жағымды хабарларымен келіп, ауылымыздың сүйіншілеген жаңалықтарын паш еткен жыл болды, – десек артық айтқандық емес. Өткен аптада алты отбасыға баспана кілті берген едік, міне бүгін көп балалы төрт отбасына жап-жаңа баспана кілті табысталып, сүйіншілеп жатырмыз. Жаңа нысандар – жақсылық нышаны. Елдің ертеңі, келісті кезеңнің кемел болашағы көш басында жүрген арда азаматымен байланысты. Алғаш сөз кезегін аудан әкімі Абылай Аманжолов алып аудан жұртшылығын бүгінгі



қуанышты сәтпен құттықтады. Жаңа үйлердің іргетасы мықты, керегесі кең, шаңырақтары әрқашан биік болсын, – деген тілегін айтты. Іле ортаға жаңа пәтердің иелері шақырылып, кілттер табысталды. Жаңа үйдің лентасы салтанатты түрде кесіліп, шашу шашылды. Аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы С.Сыздықов жаңа қоныс иелеріне құттықтау тілегін білдірді.

Ұлағатты істеріміз ұлылыққа бастасын! Еліміз аман, жұртымыз тыныш, ауылдарымыз көркейе берсін! Қоныстарыңыз құтты болсын ағайын.

Құлмұхаммет Серікғалыұлы.



AQTÓĠAI AJARY

Жаңа 2025 жылға жазылыңыз!

Аудан өмірінің айнасы, ауданымызда жарық көретін жалғыз басылымды қолдаңыз, ағайын!

Газетке «Қазпоштаның» аудандық, ауылдық бөлімшелері және Kaspi GOLD арқылы жазылуға болады.
Тел: 8-708-547-43-03
Kaspi GOLD

Жеке жазылушылар үшін
индексі – 65031,
6 айға – 2457,30 теңге.
1 жылға – 4914,60 теңге.

Мекеме, ұжымдар үшін
индексі – 15031,
6 айға – 2957,28 теңге.
1 жылға – 5914,56 теңге.

Ескерту: Kaspi GOLD арқылы жазылған абоненттің аты-жөні, ИИН мен мекен жайы көрсетіліп, төлемнің скрин нұсқасын жіберу керек.

aktogai_red@mail.ru

[Aktogai_ajary](https://www.facebook.com/a.ajary.kz)

www.facebook.com/a.ajary.kz

Біздің мекен-жайымыз: Ақтоғай ауылы, Абай көшесі, 1 А.
Анықтама телефондары:
2-18-81, 2-15-39.

Тәуелсіздік – біздің мақтаншымыз

Қазақстан егемендігінің қалыптасуы мен ерекшеліктеріне ерекше мән бере қарау керек. Қазіргі Қазақстан немесе Қазақстан Республикасы дегенде, ең алдымен қазақ халқының тәуелсіз егеменді ұлттық мемлекеттігінің қалыптасуын ұғыну керек. Қандай болмасын ұлттың мемлекеттіксіз өмір сүре алмайтыны тарихтан белгілі. Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаев Қазақстан халқына жыл сайынғы атқарылуы тиіс негізгі бағыттар мен міндеттерді айқындап береді. Соның ішінде Тәуелсіздіктің 33 жылдығын ел болып жоғары деңгейде атап өту мәселесіне ерекше мән берілді. Тәуелсіздік – тәңірдің біздің ұрпаққа берген үлкен бақыты, халқымыздың мәңгілік құндылығы. Біз бүгінге дейінгі барлық жетістіктерімізге Тәуелсіздіктің арқасында қол жеткіздік. Жиырма жыл ішінде елдің әлауқатын көтеріп, төл мәдениетіміз бен мемлекеттік тілді жаңғырту ісінде қыруар жұмыстар жасадық. Елімізде білім, ғылым, денсаулық, спорт салалары айрықша даму үстінде. Тәуелсіздік – біздің ең басты игілігіміз, баға жетпес құндылығымыз. Жас мемлекет тарихындағы жаңа дәуір дәл осы Тәуелсіздіктен бастау алады. Дәуір жасампаздығы сенімді және серпінді дамуға байланысты. Сондықтан да Тәуелсіздік ерекше маңызға ие. Біздің алдымызда осы жылы Тәуелсіздік мерейтойын асқан ұйымдастырушылықпен және жоғары идеологиялық деңгейде өткізу міндеті тұр. Ел тарихындағы осындай бірегей белесті толайым табыстармен қарсы алу баршамыз үшін үлкен сын. Тәуелсіздік тойы жалпыхалықтық сипатқа ие болып, отандастарымызға айрықша рух беруі керек. Тәуелсіздік тойына әрбір қазақстандық өз үлесін қосуы тиіс. Ол – ауыл шаруашылығында, өндірісте, өнеркәсіпте жұмыс істеп жүрген кез

келген отандасымыздың сапалы еңбек етіп, ел игілігін арттыру деген сөз. Яғни, азаматтарымыздың адал еңбегі мен елге деген шынайы құрметі тәуелсіздік тойына жасалған үлкен тарту болмақ. Жиырмажылдық – елдіктің, егемендіктің, кемелдену мен келешекке құлаш сермеудің тамаша кезеңіне айналуы тиіс. Мемлекет басшысының атап өткеніндей, Жолдауда мемлекеттік саясаттың алдағы жылдардағы басымдықтары нақты белгіленген. Биылғы Жолдау негізінен әлеуметтік бағытта болды. Онда еліміз халқының әлеуметтік әлауқатын көтеруге қатысты үлкен блокты шаралар қарастырылған, экономиканы индустриялық инновациялық дамыту бойынша жаңа міндеттер қойылған. Сонау алыста қалған 1991 жылдың 16 желтоқсанында Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі туралы Конституциялық заң қабылданған болатын, бұл қоғамның, адам құқықтары мен бостандықтарының, меншіктің, саяси плюрализмнің және билік бөлінуінің негізгі қағидаларын бейнелейтін құқықтық, саяси және идеологиялық құжат. Осы іргелі ережелер Конституцияның негізін қалады. Еліміздің азаматтары үшін осы бір ерекше күн ел тарихының ескі сатысының аяқталып, Республикамыздың дамуының жаңа кезеңінің басталуының белгісі болып табылады. кен байтақ жерімізді ежелден мекендеген халқымыз әділдік пен адалдықты әрқашан ту етіп, әділ де сындарлы заңы бар өркениетті ел болуға ұмтылған. Енді тәуелсіздігін алып, азат атанып, көк туын тік ұстаған Қазақ елінің өз Конституциясы, яғни Ата Заңы бар құқықтық мемлекет. Өркениетті қоғам құруды алдына мақсат еткен елдің Ата Заңы, заңды қорғайтын әділ соты, заңды құрметтейтін адал азаматы бар. Халқымыз ежелден заңға, тәртіпке аса мән бере білген. Бабаларымыздың

«Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы», Тәуке ханның «Жеті жарғысы» сияқты өте маңызды ереже-заңдары болғаны баршамызға аян.

Қазақстан халқы Тәуелсіздігінің алғашқы жылдарында қиындықтарға төтеп беріп, дұрыс даму жолын ұстану арқылы жеткен жетістіктері мол. Тәуелсіздіктің 25 жылдығын мерекелеудің басты мақсаты – мемлекеттілік пен Қазақстан халқы бірлігін нығайту және базалық құндылықтар төңірегінде қоғамды шоғырландыру. Осылардың негізінде тәуелсіздік пен тұрақтылықты, келісім мен бейбіт өмірді нығайту болып табылады. 2016 жыл – Қазақстан Тәуелсіздігінің 25 жылдығы тойланатын жыл. «Тәуелсіздіктің 25 жылдық тойы – той тойлау үшін емес, Тәуелсіздіктен тағылым алу керек» деген Елбасының сөзі біз үшін, яғни барша қазақстандық азаматтар үшін алдағы атқаратын жұмысымыздың негізгі бағыты болмақ. Ел Тәуелсіздігінің 25 жылы ішінде елімізді дүниежүзі танып, Елбасы ерен еңбегінің, сындарлы саясатының арқасында саяси-экономикалық, әлеуметтік табыстарға қол жеткізуге мүмкіндік алдық. Қазіргі уақытта ҚР кемелді тәуелсіз мемлекетке айналды. Жиырма жылдық мерзім ішінде елімізде кең көлемді мемлекеттік түбегейлі өзгерістер орын алды. 2 палаталы Парламент құрылды, сот жүйесінің негізі қаланды, жаңа елорда салынды. Қарулы күштер, Республикалық ұлан, шекаралық әскерлер және әскери теңіз флоты пайда болды. Қазақстан өз аумағында ядролық қаруды пайдаланудан өз еркімен бас тартып, өзін ядролық қарусыз ел ретінде жария етті. Өткен жылы біз Кедендік одаққа кірдік.

Еліміздің халықаралық саясаты мемлекеттің егемендігі мен тәуелсіздігінің дүниежүзілік кепілдігіне қол жеткізуге бағытталды. Ауқымды, әрі

жемісті жұмыс жасалды. Көптеген шет елдері Қазақстанды ресми түрде танып, тату дипломатиялық қарым-қатынас құрды. Қазақстан Біріккен Ұлттар Ұйымы мен Еуропадағы Қауіпсіздік және Ынтымақтастық Ұйымының толық құқылы және белсенді мүшесі болып отыр, сондай-ақ еліміз Еуроодақ, Еуропалық Қайта құру және Даму Банкі, Халықаралық Валюта Қоры, Халықаралық Атомдық Энергия Агенттігі, Қызыл Крест, ЮНИСЕФ және ЮНЕСКО сияқты аса беделді халықаралық ұйымдармен ынтымақтастығын күшейтуде.

Қазіргі уақытта құқық қорғау және сот жүйесінің әрі қарай дамуы басты назарға алынды. Құқық қорғау орган-дарының алдында азаматтардың құ-қықтарын және бостандықтарын тиім-дірек қорғау, қылмыстарды жылдам және толық ашу, қылмыс жасаған тұлғаларды әшкерелеу, жауапкершілікке тарту, сыбайлас жемқорлықпен ымы-расыз күрес жүргізу, қылмысқа қар-сы күрес қызметінің тиімділігін жоғарлату міндеті қойылып отыр.

Ізгілендіру саясаты негізінде ең алдымен шағын және орта ауырлықтағы қылмысты бірінші рет жасаған азаматтарды, халықтың әлеуметтік әлсіз топтары өкілдеріне қылмыстық жазаны тағайындауда жеңілдету қарастырылған. Қатаң қылмыстық саясат негізінен өте ауыр қылмыс жасаған кінәлілерге, қылмыстық іздестіруден жасырынушыларға, қылмыстық рецидивтерге қатысты жүргізілетін болады.

Міне, осы шаралардың барлығы еліміздің тәуелсіздігін нығайту мен ел азаматтарының құқықтары мен бостандықтарын қорғауға бағытталған.

С. Макаева,
Ақтоғай ауылы әкімі аппаратының бас маманы.

Тәуелсіз елдің соты тәуелсіз

1991 жылғы 16 желтоқсанда Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заңы қабылданды. Бұл күні Керей мен Жәнібек, Өз Тәуке мен Абылай хандар, Кенесары мен Алаш Арыстары аңсаған тәуелсіздік таңы атып, дүние жүзі картасында тәуелсіз еліміз – Қазақстан Республикасы пайда болды.

Бүгінге дейін жеткен жетістіктердің барлығына тәуелсіздіктің арқасында қол жетті, сондықтан бұл мереке – Ұлы мереке.

Тәуелсіздік алған күннен бастап еліміздің халықаралық деңгейде танылуына, мемлекеттік институттарын құруға, дүниежүзілік ұйымдарға кіруге бағытталған орасан зор жұмыстар басталып кетті. 1995 жылғы 30 тамызда бүкілхалықтық референдумда Егемен еліміздің Ата Заңы қабылданды. Конституцияға сәй-кес Қазақстан Республикасында сот төрелігін тек сот қана жүзеге асырады. Судья сот төрелігін іске асыру кезінде тәуелсіз және Конституция мен заңға ғана бағынады.

Осы уақытқа дейін жүргізілген реформалар тәуелсіз сот билігінің қалыптасуына, сот жүйесінің дамуына, оны кадрлық және қаржылық қамтамасыздандыруға, құқықтық мемлекеттің заңдылық негізін бекітудің қажетті алғышарттары ретінде соттың тәуелсіздігін нығайтуға бағытталып келеді.

Сот жүйесінде болған түбегейлі өз-

герістер баршаның сотқа қолы жетуін қамтамасыз етіп қана қоймай, кез келген тұлғалардың өз құқықтарын сот арқылы жүзеге асыруына жол ашты, азаматтардың сот билігіне сенімін күшейтті. Сот жүйесінің дәл қазіргі уақыттағы ең басты мақсаты – халықтың сотқа деген сенімін арттыру. Сондықтан сот жүйесін одан әрі жетілдірудегі басым бағыттардың бірі және бірегейі – соттың ашықтығы, жариялылығы, сол арқылы халық пен сот арасында екіжақты байланысты қалыптастыру. Сот төрелігінің ашықтығы судьялардың жеке басының ісі болып есептелмейді, ол мемлекеттік саясаттың бағытына айналған.

Әлемдік стандарт бойынша сот билігінің тәуелсіздігі саяси, экономикалық және іс жүргізу аспектілері бойынша бағаланады. Саяси тәуелсіздік – сот жүйесінің басқа билік тармақтарынан дербестігін, экономикалық тәуелсіздік – сот қызметін қаржылай қамтамасыз ету тікелей мемлекеттік бюджет есебінен жүргізілуін, ал іс жүргізудегі тәуелсіздік – судьялардың жоғары тұрған судьяларға, сот төрағаларына және әкімшілік аппаратына бағынышты болмауын білдіреді.

Сот билігінде бір ғана басты тұлға – судья. Соттардың абыройы да, абыройсыздығы да судьялардың қолында. Судьяның үлкені, кішісі болмайды, оның мәртебесі қай сот сатысында да бірдей.

Аудандық және оған теңестірілген соттардың судьяларына жүктелер жауапкершілік үлкен. Қазір судьялық лауазымға ұсынылған кандидаттардың тізімі бұқаралық акпарат құралдарында жарияланады, олар туралы пікірін білдіргісі келгендер Жоғарғы Сот Кеңесінің сайтына хат жолдауына болады. Қызметтегі судьялардың сот төрелігін жүзеге асыруының сапасын, кәсіби қызметін бағалауды Сот төрелігінің сапасы жөніндегі комиссия жүзеге асырады. Судьялардың әрқайсысының істі зерттеу, талдау ерекшеліктері ескеріле отырып бағалайтын әдістеме арқылы олардың қызметіне тиісті баға беріледі.

Ең бастысы, кез келген дауды әділеттілік деген қасиетті ұғымға жүгініп шешу үшін судьяда ар-ұят деген асыл қазына болуы керек. Ар-ұяты бар судья қандай қыспақтан да тура жол табады, қандай күрделі істің де күрмеуін әділ шешеді.

Судьяның тәуелсіздігі – өзінің жандүниесінің тазалығымен, рухани биіктігімен қалыптасқан тәуелсіздік. Сондықтан ел тәуелсіздігінің құндылықтарын қорғайтын қуатты сот, адамгершілік келбеті айқын адал сот, турашылдықтан таймайтын әділ сот, әр адамның құқығын қажымай қорғайтын қайырымды сот болуға тиіс.

С.Жумашкина,
Ақтоғай аудандық сотының судьясы.

Ақтоғай аудандық мәслихатының №1, №3, №7 бірмандаттық сайлау округі бойынша шығып қалған депутаттарының орнына сайланған депутаттарын тіркеу туралы ХАБАРЛАМА

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 14-бабының 9) тармақшасына, 46-бабының 3-тармағының 1)тармақшасына, 112-бабының 1-тармағына сәй-кес Ақтоғай аудандық сайлау комиссиясының 2024 жылғы 11 желтоқсандағы шешімімен №1, №3, №7 бірмандаттық сайлау округі бойынша шығып қалған депутаттарының орнына 2024 жылдың 8 желтоқсанда сайланған Ақтоғай аудандық мәслихатының депутаттарын тіркеді.

– № 1 бірмандаттық сайлау округі бойынша Ошакбаев Саттар Несипбекулы;
– № 3 бірмандаттық сайлау округі бойынша Кәрібаев Мейірман Талғатұлы;
– № 7 бірмандаттық сайлау округі бойынша Құтжан Мұхтар Мадбекұлы.

Ақтоғай аудандық сайлау комиссиясы

Туған жерге жырмен тағызым

Арқаның ең биік нүктесі Ақсораңның етегінде, толқыған Тоқырауынның жағасында жатқан Ақтоғайдың төрінде ақын, жазушы, республикалық «Qasym» әдеби-қоғамдық журналының бас редакторы Серік Сағынтайдың «Менің атым – Фәни-құс...» атты жыр кеші өтті. Жыр кешінде «Жауырыншы» өлеңдер жинағының және «Қазақия... Сиберия...» зерттеу кітабының тұсауы кесілді.



Поэзия мен прозадағы қуатты шығармаларымен өрелі оқырманды мойындатқан қаламгердің тойына республиканың түпкір-түпкірінен қаламдас достары келді. Талантқа туған халқы құрмет көрсетіп, иығына шапан жапты, ат мінгізді. Суреттер кеш иесінің жеке мұрағатынан Кештің бірінші бөлімінде ақынның Ақтоғайға арнаған өлеңдері легімен оқылды. Өлеңдері – туған жерге тағзым жасаған жылы жүрегінің сөзі, жұртына айтқан алғысы. «Тағдыр ләмі тізілетін тақтадай Жадыма әкеп жазып берген хақ-талай. Жүректегі жырларымның ұйқасын Сенен табам, сенен алам, Ақтоғай! Көк пүлішке салған уыс мақтадай, Көктен саған арбаларды аппақ Ай. Жерде жүріп сенен алыс кеткенмен, Аңсарымды жүрегімде сақтағай!», – дейді ақын. Перзентінің жанарынан жарқыл байқаса, қанатының астына алып, тұлпардай баптаған Ақтоғай бұл. Серік Сағынтай болса, әйгілі Үмітай Жармағанбетовтің төл шәкірті. Бозбала шағында-ақ Ақтоғай аудандық газетінің тізгінін тапсырып, қаламмен елге қызмет етуге баулыған. Серік Сағынтай – бұл күнде жазуымен туған

халқына, қазақ әдебиетіне адал қызмет етіп келе жатқан қарымды қаламгер. Ұлт әдебиетіне «Жазу», «Фәни-құс», «Құс қайтару», «Жауырыншы» өлеңдер жинағы мен «Көктемнің мөлдір тамшысы», «Қарға» әңгімелер кітабын берді. Үміт артқан халқының алдында биыл баспадан шыққан «Жауырыншы» өлеңдер жинағы мен «Қазақия... Сиберия...» зерттеу кітабының тұсауы кесілді. Кейінгісі Қазақстан Жазушылар одағының жобасы аясында жарық көрген. ТМД елдерінің архивтеріндегі қазақстандық жазушылардың зерттеу жұмыстары. Ресейдің Томск қаласындағы мұрағатта сақталған қазақ халқына қатысты бұрын-соңды ешқайда жарияланбаған тарихи деректер бар мұнда. Содан кейін лебіздерге кезек берілді. Көшті Ақтоғай ауданының әкімі Абылай Аманжолов бастады.

– Ақтоғай халқы сізді ел игілігіне қызмет етіп жүрген қайраткер ретінде де таниды. Бір кезеңде аудандық газеттің дамуына зор үлес қостыңыз. Ауданымыздың көркеюіне әлі де аянбай тер төгіп жүрсіз. Алаштың алыптары туған топырақты жырларыңызға арқау етіп, қадір-қасиетін айшықтап келесіз. Шығармаларыңыздан жас ұрпақ ел мен жерді сүюдің жарқын үлгісін көреді. Аудан халқы сізді мақтан тұтады! Шығармашылығыңызға шабыт, деніңізге саулық, жақындарыңызға амандық тілейміз! – деді Абылай Аманжолов.

Содан кейін Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаеваның құттықтау хаты табысталды. Хатта «Сізді Алаштың алтын бесігі аталған қасиетті Ақтоғай жерінде өтіп жатқан «Менің атым – Фәни-құс!» атты шығармашылық кешіңіздегі мерейлі сәтіңізбен құттықтаймыз! Сіз қазақ әдебиетінің проза және поэзия жанрында қатар қалам тербеп, поэтикалық ақыл-ой қазынасына сүбелі салым қосып келе жатқан киелі қалам иесісіз.

Көкейіңізді жарып шығып, халықтың жүрегіне жол тапқан «Жазу», «Фәни-құс», «Қарға», «Көктемнің мөлдір тамшысы», «Құс қайтару» сынды іргелі еңбектеріңіз қазіргі оқырманның сүйіп оқитын туындыларына айналып үлгерді. Бұдан бөлек, «егеулі қалам қолға алған» журналистік қырыңызды атап өтпеске болмас. Ұзақ жылдар бірқатар республикалық белді басылым беттерінде жемісті еңбек етіп, табыстың тайқазанын тасытып келесіз. Атамекеніміздің әр азаматы іздеп жүріп оқитын республикалық «Қасым» журналын жалғанның жарығына шығарудағы қайраткерлік болмысыңыз көзіқарақты зиялы жұрттың есінде. Өткен ғасырдың 90-шы жылдарында құсни сөз әлеміне фәни-құстай



қайта тіріліп ұшқан болмысыңыз, әл-әзір ұлт атынан сөйлерлік аға буынның көшінен табылғаныңыз қасқайған ақиқат! Есіл күннің дидарында қалған ешкімге ұқсамас жырларыңыз руханиятқа сусаған жанның жұмыр жүрегін жылытып келеді» делінген. Ақын Дәурен Берікқажы мен ақын, Қазақстан Жазушылар одағының облыстағы ресми өкілі Жанат Жаңқашұлы да лебізін жеткізді. «Талантыңмен жаһанды мойындатқың келсе, ауылыңнан баста» деген сөз бар. Сөз өнерінің қасиетін шын ұққан Серік Сағынтай өзінің томағасын сыпырған Ақтоғай халқына есеп берді.

Ерік НАРЫН, Ortalyq.kz

* Ақын, публицист Мүбәрәк Жармағанбетовке – 75 жыл

Ақынды құрметпен еске алды

Аудандық орталықтандырылған кітапхананың оқу залы бөлімінің ұйымдастыруымен жерлесіміз ақын, артында өшпес жырларын, қара сөздерін қалдырған санаулы таланттың бірі – Ақтоғайдың ақиық ақыны Мүбәрәк (Үмітай) Жармағанбетовтың туғанына 75 жыл толуына орай «Жапырағын жайған бәйтерек» атты тақырыпта ақынның отбасы, қызмет жасаған әріптестері, замандастарымен кездесу өтті.

Мүбәрәк Жармағанбетов 1949 жылы 23-ші қарашада Ақтоғай ауданы Сарытерек ауылында дүниеге келген. Табиғатынан тума талант, дарын иесі Мүбәрәк ағаның бүкіл ғұмыры баспасөзбен, оның ішінде аудандық «Арқа еңбеккері» қазіргі «Ақтоғай ажары» газетімен тығыз байланыста өтті. 1973 жылы аудандық газетің ауыл



шаруашылығы бөлімінің тілшісі ретінде еңбек жолын бастаған М.Жармағанбетұлы газеттің бөлім меңгерушісі, жауапты хатшысы, редакторы қызметтерін атқарды. Аудандық радиохабардың ұйымдастырушысы, облыстық «Жезқазған туы» газетінің меншікті тілшісі, аудандық

«Қазақ тілі» қоғамың төрағасы болды. 1996 жылдан бастап «Тоқырауын тынысы» газеттің редакторы болып қызмет атқарды. Аудан экономикасы мен әлеуметтік дамуына қарымды қаламымен өзіндік үлкен тұлға. Аудан халқы Мүбәрәк Жармағанбетұлын Ақтоғайдың Мұқағалиы деп

таниды. Қарымды қаламынан жауһар жырлар жазылып, талайдың жүрегін тербете ой салған ақындығы өз алдына бір төбе. Артында қаншама қаламгерлер тәрбиелеп, өміріне өшпес із қалдырған тұлға. Ақын кешінде жауһар жырлар оқылды, тұщымды естеліктер айтылды. Әріптесі

ақын Мүсіркеп Әлімжанов, Аманкелді Тілеуқұлов, Қарлыға Жұмабаева, Жамал Мұқашбековалар, қарындасы Нәсіп апай естеліктерімен бөлісті. Мүбәрәк (Үмітай) ағаның ақындар көшіндегі дара жолы ұрпағымен жалғасып келеді. Алаш сыйлығының иегері Бағдат, әнші Еркебұлан, Саламаттар бүгінде әке ізін жалғап қалам тербеп жүр. Ақын ағаның дүниедегі бар байлығы да, нар тұлғасы да оның өлмес жырларында танылып тұр. Оқырманы бар өлең-жыр жетім қалмайды. Оны ертеңгі ұрпақ та іздеп жүріп оқитынына сенеміз. Өйткені, ақын жырлары жүректен шыққан. Ол жүрекке жетеді. Жыр ғұмырымызды мәңгіге жалғасын.

Балжан Сәденова,
оқу залының тұрақты
оқырманы.



**Нұрланбек Жаңаберженов,
Ауылшаруашылығы бөлімінің
басшысы.**

га оның ішінде бидай – 410 га, арпа – 270 га, көпжылдық шөп – 580 гектар. Нақты орылғаны 705 гектар. Орташа түсім аудан бойынша әр гектардан 11,5 центнер. Осы орайда айта кету керек егін егудің барлық агротехникалық шараларын қатаң сақтап, сапалы тұқым екен Қызыларай ауылдық округіне қарасты «Ерасыл» шаруа қожалығы кейінгі жылдардағы орташа өнім алу көрсеткішін жаңартып, әр гектардан 25 – 30 центнерден өнім алып отыр. 2024 жылы ауыл шаруашылық техникалар алу жоспары 96 дана болса, 116 дан сатып алынған. Яғни, орындалысы 121 % Инвестициялық салымдар III тоқсан бойынша 561,4 млн. теңгені құрап отыр. (өткен жылы 487,7 млн.тг.) Оның ішінде басым бөлігін ауыл шаруашылығы

өзінің жеке қаражатынан 35 млн.теңге. тәулігіне 5 тонна мал шаруашылығы өнімі барлық түлік еттерін өңдеуге арналған мал сою цехын ашу. Құрылатын жұмыс орыны 2.

Бүгінгі күні мал сою цехының ғимараты ағымдағы жөндеуден өткізілген, қажетті құрал жабдықтар алынған. Ет өнімдерін тасымалдауға арналған авторефрежатор көлігі алынған. Тиісті көлемде өнім қабылдаушы ірі сауда орталықтарымен шарт жасалған. Мал сою алаңына есептік нөмірі алынды. Жоба іске қосылды. Аудан бойынша ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілер мен тұрғылықты халықтан Балқаш және Қарағанды қаласындағы көтерме бағамен түліктің барлық түрінің еттерін қабылдап, ірі

жүргізілуде. Ағымдағы жылы 2 жаңа үлгідегі қыстау (үй, қора жайымен) салынды.Салынған инвестиция көлемі 500,0 млн.тг.

Мал басының сапасын арттыру мақсатында тұқым түрлендіру бағыты бойынша тиісті жұмыстар жүргізілуде. Аудан бойынша ақпараттық талдау жүйесіне 381 шаруашылық тіркелген. Барлық ірі қара 49 360 бас. Оның ішінде асыл тұқымды мал 3857 бас. Мұның аналығы 1850 бас.

Шаруашылықтардың жалпы 47 027 (01.01.203 ж) мал басына шаққандағы асыл тұқымды ірі қара мал үлесі 8,2 %.

Осы шаруашылықтардың ішінен қазіргі кезде асыл тұқымды ірі қара малын өсірумен 15 шаруашылық айналысуда. Жыл басынан бері 34 шаруашылық асыл тұқымды барлығы 233 бас, оның ішінде 102 бас аталық

Ауыл шаруашылығы – экономиканың маңызды саласы

Ел Тәуелсіздігі арқасында отандық агроөнеркәсіп кешені ел экономикасының жетекші саласына айналғаны баршамызға белгілі. Мұны уақыттың өзі дәлелдеп отыр. Қазіргі таңда Қазақстан әлем мойындаған іргелі аграрлы елге айналды. Мемлекетіміздің экономикасы күн санап қарыштап келе жатқандықтан, аграрлық саланың стратегиялық серпіліске сұранып тұруының өзі заңды құбылыс.

Осыған орай Қазақстан Республикасы Үкіметі башылығымен агроөнеркәсіп кешенін одан әрі тиімді дамытуға арналған 2025 - 2027 жылға дейінгі «Ұлт жоспары» бағдарламаларын қабылдады.

Мұның барлығы агроөнеркәсіп кешені саласының бәсекеге қабілеттілігін қалыптастырып, индустрияландыру арқылы экономикасын арттыру, инфра-құрылымын жетілдіру, қолданыстағы ұлттық ерекшелігіміз бен артықшылығымызды одан әрі байыту, сонымен қатар мемлекеттік азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуді қалыптастырады.

Ауданның ауыл шаруашылық саланың бүгінгі күнгі экономикалық көрсеткіштері мен агроөнеркәсіп кешенін дамыту бағдарламалары келесі ретте орындалып отыр. Жалпы 10 айда өндірілген өнім көлемі – 32 607,9 млн.тг. Нақты көлем индексі 101,7 %. Оның ішінде: мал шаруашылығы – 13 532,3 млн.тг. (103,7 %), өсімдік шаруашылығы -19 075,3 млн.тг. (100,1 %) 2024 жылға мал мен құс саны өткен жылмен салыстырғанда жылқы – 12 % (50,8 мың бас), қой-ешкі – 10,5% (130,1 мың бас) ірі қара – 11,2% (68,2 мың бас) және құс – 13,2% (12,7 мың бас) артып отыр.


Ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру көлемі тірі салмақта ет өндіру – 102,9 % (6 767 тонна), сүт өндіру – 106,2% (20 173,6 тонна), тауық жұмыртқасы – 107,0 % (1 067,9 мың дана)

Ағымдағы жылы егілген астық дақылдары көлемі барлығы – 1260

техникалары құрайды 327,5 млн.тг. асыл тұқымды мал алу 137,0 млн.тг., шаруашылықтардың өз қаражаты 96,9 млн.теңгеден құралып отыр.

Аудан бойынша бүгінгі күнге мемлекет тарапынан мал шаруашылығы бойынша 281 шаруашылық 304,3 млн. тг., өсімдік шаруашылығы бойынша 2 шаруашылық 1,3 млн.тг. субсидия алды.

«ҚазАгро» АҚ холдингі даму



институттары арқылы барлығы 77 жобаға 1 257,9 млн.тг. несие қаражатын алды. Биылғы «Ауыл аманаты» пилоттық жобасына барлығы 226,7 млн.теңгеге, 10 АШӨК (СПК) өтінім берілді. Бүгінгі несие қаражатын алуға жұмыс жүргізілуде.

Аудан бойынша 3 жоба облыстық индустриалдық картаға енгізілген. Бұл жобалардың барлығы ұзақ мерзімді. Толық қуатына шығу уақыты 2024 - 2028 жылға болжанған.

1. Сарытерек ауылдық округіне қарасты SAQ NS» ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативі базасында

ет өңдеуші кәсіпорындарға тапсыруда.

2. Абай ауылдық округіне қарасты «QAZAQ STEPPE SNEER» ЖШС-і Жайылымдық мал шаруашылығын дамыту үшін кем дегенде 9000 бас мал өсіретін мега-ферма құру және жылына 420 тоннаға дейін ұсақ малдардың етін қайта өңдеуге арналған ет комбинатын салу. Жоба құны 3,0 млрд теңге. Ашылатын жұмыс орыны саны 78. Бүгінгі күнге

мал, 256 бас аналық малдар сатып әкеліп тіркетті.

Қой мал басының сапасын арттыру мақсатында тұқым түрлендіру бағыты бойынша ақпараттық талдау жүйесіне 46 шаруашылық тіркелген. Барлық қой 15 092 бас. Оның ішінде асыл тұқымды мал 8107 бас. Мұның аналығы 5996 бас. Шаруашылықтардың жалпы 60 867 (01.01.203 ж) мал басына шаққандағы үлесі 13,3 %.

Сонымен қатар қой малының асыл тұқымды үлес салмағын арттыруда тұрақты түрде ет – жүн бағытындағы «дегерес» және «қазақы қылшық жүнді құйрықты» қой тұқымдарын өсірумен 3 ШҚ айналысады. Барлық аналық мал басы 5148 басты құрайды. Аудан бойынша ірі қара және қой малдарына I санатты асыл тұқымды тұқымын аталықтар ұрығымен қоладан ұрықтандыру арқылы генетикалық әлеуетін көтеру жұмысын «Асыл тұлық» Репубикалық малшаруашылығын зерттеу орталығы, Астана қаласы С.Сейфуллин атындағы Қазақстан Агротехникалық Университеті және Алматы қаласы «Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті» ауыл шаруашылығы ғалымдары жұмыстар жүргізуде. Биылғы жылы 1375 ірі қара, 600 бас қой малы қолдан ұрықтандырылды.

Біздердің алдағы уақыттағы басты міндетіміз ауыл шаруашылығы тіршілігіне индустриалды инновациялық жобаларды енгізу, ұсақ ауыл шаруашылық құрылымдарын тұтыну кооперативтеріне біріктіріп, тиімді жұмыс тәсілін ұйымдастыру болмақ.

Туған жер төсіндегі тамаша табиғатымыз, бәсекеге қабілетті мал шаруашылығын өркендетуге толық жағдай береді. Қазақстанды мал өнімдерін өндіріп ет экспорттайтын мықты мемлекетке айналдыру үшін өз күш-жігеріміз бен білікті білімділігімізді аямауымыз керек. Бұл мақсатқа біз тек Сіздер арқылы яғни ауыл еңбеккерлері күшімен жететініміз анық.

Сұраусыз субсидияны арзан несие алмастырады

Жер-жерде ауылшаруашылығы өнімдері кеңінен саудаланып, тұтынушыға түрлі тиімді жолдары қарастырылып жатқаны мәлім. Жыл санап, мал басына берілер несиелер легі ұсынылып, шаруалар қызығын көріп-ақ жатыр. Дегенмен, агроөнеркәсіп әлі де қолдауды қажет етеді. Мұны халыққа Жолдауында Президент те атап өткен болатын. «Бұл салаға коммерциялық банктердің қаражатын да тарту қажет. Дикандарға өсімі аз несие беру үшін мемлекеттік



қаржы институттарын субсидиялау шаралары қолға алынды. Мұның бәрі шаруаларды айналымға қажетті қаражатпен шұғыл қамтамасыз етуге, сыбайлас жемқорлық қатерін азайтуға және несие алуы оңтайландыруға жол ашады. Агроөнеркәсіп кешенін тікелей субсидиялау тәсілінен арзан несие беру тәсіліне біртіндеп көшу – аса маңызды міндет. Бөлінген қаражаттың бәрі тиімді жұмсалуда тиіс. Алайда, шындыққа жанаспайтын ақпарат беру, басқаша айтқанда, мәліметтерді бұрмалау ауыл шаруашылығындағы шынайы ахуалды бағалауға кедергі келтіріп отыр», – деді Президент дәстүрлі Жолдауында.

Сондықтан да, ауыл шаруашылығын арзан несиеге көшіру міндетін қойды. Халықтың әл-ауқатының артуында, тұрақты түрде дамуында табиғи таза азықтүлік өнімінің үлесі зор. Бұл ретте агроөнеркәсіптік кешеннің рөлі маңызды. Қоғам мен тұтас мемлекеттің дамуын ауыл шаруашылығынсыз елестету мүмкін емес. Аграрлық сектор адам өміріне бүгінде аударып қажет сала десек, артық емес. Осырайда барлық дамыған ел ауыл шаруашылығы саласын дамытуға басымдық береді. Азықтүлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін заманауи техникалық жабдықтар, түрлі ресурс пен жұмыс күшіне ауқымды инвестициялар қажет. Ал, ауыл шаруашылығының тұрақты және серпінді түрде дамуы үшін үнемі мемлекеттік қолдау мен реттеу қажеттігі бар. Мұндай қолдау негізінен мемлекеттік қаржыландыру және субсидиялар арқылы көрініс табады. Облыстың ауыл шаруашылығы басқармасының мәліметінше, 2024 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша облыстың ауыл шаруашылығы құрылымдарына мемлекеттік қолдау 16 258,3 млн. теңге көлемінде көрсетілген. Бұл – 2491 ауыл шаруашылығы тауарын өндіруші мемлекет мейірімін көрді деген сөз. Аталған қолдау ауыл шаруашылығының барлық саласын қамтыған. Мәселен, өсімдік шаруашылығы саласын субсидиялауға 5007,1 млн. теңге бөлінген. Бұл қолдаудың шарапатын 316 шаруашылық көріп отыр. Мал шаруашылығы бойынша 1632 шаруашылыққа 2430 млн. теңге шамасында субсидия берілген. Сонымен қатар, инвестициялық салымдар кезінде агроөнеркәсіптік кешен субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігі өтелген. Ол – 4130 млн. теңге шамасында. Яғни, 538 шаруашылық қолдау тапты. Бұдан бөлек, технологиялық жабдықтар мен ауыл шаруашылығы техникасын кредиттеу, сондай-ақ, лизинг кезінде сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау да жүргізілді. Атап айтқанда, 4560,0 млн. теңге қаржы-қаражат бағытталған. Мал шаруашылығы саласында оны тереңдетіп өңдеу өнімдерін өндіру үшін ауыл шаруашылығы өнімін сатып алуға қайта өңдеу кәсіпорындарының шығындары да субсидияланды. Ол мақсатқа 131,8 млн. теңге көзделсе, мұның игілігін бес шаруашылық көрген. Осы тектес қолдаулар ауыл

шаруашылығы жалпы өнімін арттыруға ықпал етері даусыз. – Биыл агроөнеркәсіп кешенін субсидиялау қағидаларына бірнеше өзгерістер енгізілді. Оның ішінде аграрларға жеңілдікпен несие беруді ұлғайтуға мүмкіндік беретін түзетулер енгізілді. АӨК субъектілеріне жылдық «таза» 5 пайыз сыйақы мөлшерлемесі бойынша несие беру үшін қаржы институттарының сыйақы мөлшерлемелерін тікелей субсидиялау тетігі енгізілді. Бұл ретте қарыз алушылар тарапынан субсидиялар алуға құжаттарды беру қажеттілігі жойылды. Арзандату ағымдағы жылғы қаржы институтына несие берудің жалпы көлеміне аванстық төлеммен жүргізілетін болады. Бүгінгі таңда бұл механизм АӨК саласындағы даму институттары үшін қолжетімді. Атап айтқанда, «Аграрлық несие корпорациясы», «Қазақгроқаржы», «Қазақстанның даму банкі». 2026 жылдан бастап, еліміздің барлық қаржы институттарына таратылады. Бұл тетік тауар өндірушілерге бірден



арзандатылған кредитті субсидиялау және алу процесін жеңілдетуге мүмкіндік береді, – деді ауыл шаруашылығы басқармасы басшының орынбасары Сырым Бошпанов. Ел Президенті осыған дейінгі Жолдауында агроөнеркәсіп кешеніне инвестиция тарту өте маңызды міндет екеніне баса назар аударып, салаға бөлінетін қаражаттың 70 пайызы мемлекет қаржысы деп атап өткен болатын. Бұл орайда екінші деңгейлі банктерді тарту көзделуде. Осылайша, субсидиядан арзан несиеге көшу – мақсат. – Агроөнеркәсіп кешенінде тікелей субсидиялаудан арзан несиеге көшу мәселесі қолға алынууда. Бұл биылдан бастап жолға қойылмақ. Негізі, қаржы институттары, екінші деңгейлі банктер несиені 18-21 пайызбен беріп келді. Ал, Үкімет тарапынан бұл пайыздың тек алты пайызын ғана шаруашылық үлесіне қалдырып, қалған пайызының үстемәқысын жауып келген болатын. Енді биылдан бұл үрдісті азайту мақсатында несиені бес пайызбен беру көзделеді. Әлбетте, бес пайыз тиімді. Біріншіден, банк пен Үкімет қаражатты бір-біріне аударып отырмайды. Екіншіден, шаруашылықтардың несие рәсімдеуге жұмсайтын уақытын үнемдеуге мүмкіндік береді. Ал, құжаттарды рәсімдеу кезінде ұзаққа созылып кететін жағдайлар туындауы мүмкін. Сол уақытта шаруа мен құзырлы орындар арасында түсінбеушіліктер орын алып жатады. Тікелей несиелеу оның алдын алады. Бұл несиелеу ұзақмерзімді иеленсе, әрі Үкімет айтқандай, пайызы әлі де төмендесе, шаруалар үшін қолайлы болмақ. Шаруашылықтардың осындай ұсыныстары бар еді. Оның бәрі Үкіметке жетіп, жұмыстар жүзеге асуда. Ал, Қарағанды облысында жергілікті атқарушы орган тарапынан ережелер немесе қаулылар шығады. Сол құжаттар негізінде жұмыс істейміз. Біздің тарапымыздан қазіргі кезде шаруашылықтар арасында түсіндіру жұмыстары жүргізілуде, – дейді Сырым Бошпанов. Ал, кейде сол қолдауды алған кей шаруашылықтың қаржыны тиімді әрі ұтымды пайдаланбайтыны да шындық. Расында, агромамандар мен ауылшаруашылық кәсіпкерлігінің жоғарғы палата өкілдерінің сөзінше, малға берілетін несиені басқа қажетке жаратар пысықайлар баршылық. Ол жасырын емес. Құжаттағы мал санын бұрмалап немесе асыл тұқымды аталықтардың

орнына тұқымы басқа жылқы және ірі қараны саудалап алатын көрінеді. Егін шаруашылығында да осындай жайттар бар екені белгілі болды. Президент атап өткендей, мұның бәрі – мемлекеттен субсидия алу үшін жасалатын көзбояушылық. Ондай қылмыстық әрекеттерге тосқауыл қою қажет екендігін, тіпті, шаруалардың өздері де мақұлдап отыр. Олардың айтуынша, мұндай іспен айналысқан адамдарды жауапкершілікке тарту керек. – Ауылдағы ағайынның тіршілік тетігі алдындағы малы. Сол малына бола үкіметтен жер телімдерін жалға алып, қарастырылған арзандатылған несиені ұқсатып мал санын көбейтіп жатыр. Десек те, мал аламын деп, үкіметтен бөлінген субсидияға жеңіл автокөлік, қала берді жылжымайтын мүлік алып жатқандар жоқ емес. Әрине, бұл мемлекет қаржысына зиян және қоғам экономикасына орасан ойсырау әкелері сөзсіз. Дәл осындай көзбояушылық жер телімдеріне де қатысты. Жерді өзі пайдаланбай, не ел игілігіне бермей отырғандар қаншама. Бәрінің «Құлағына алтын сырға», еңбек етемін деп бел байлап, сол еңбекке кірісіп, ел мүддесіне қызмет ету ол – даму. Ал, мемлекет қаржысын заңсыз игеріп, пайда тапқысы келетіндер ойланғаны жөн. Осы тұрғыда Президентіміздің Жолдауындағы өзгерістердің тезірек күшіне еніп, іске асқаны қуантады. Ауыл шаруаларына ақшадан гөрі техникалық жабдық әлдеқайда тиімді болар еді, – дейді «Желтау» шаруа қожалығының өкілі Алмас Мұстафин. Үкімет үстемәқысы төмен несие беруде банкке қоятын кепіл мүлкіне шаруаларға «Даму» қоры



қол ұшын созатын болады. Мұнан бөлек жоғарыда айтылғандай, шаруаларға тауарлы кредит беру жайы да қарастырылуда. Бұл – ақшаның орнына тауар арқылы несие беру. Мысалы, егін мен ауыл шаруашылығы кәсіпорындарына керекті трактор, соқа, дөңді дақылдар тартатын машиналар. Осылайша ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдейтін кәсіпорындар да арзан несиенің игілігін көреді деп күтілуде. Жалпы, ашық көздердегі деректер шетелде қолдаудың түрі көптігін айтады. Оның қатарында біздегідей субсидиялау, несиелеу де бар. Импорттан қорғау да жолға қойылған. Дегенмен, әлемнің әр түрлі елдерінің ауыл шаруашылығын қолдау тәжірибесін талдау көптеген елдердің субсидиялауды ауыл шаруашылығы өндірісін қолдаудың түйінді құралы ретінде пайдаланатынын жоққа шығармайды. Алайда, сөйте тұра, алдыңғы қатарлы ауыл шаруашылығы өнімдерін экспорттаушы елдер, оның қатарында, Аустралия, Жаңа Зеландия, Аргентина, Бразилия сияқты елдер бар, өндірушілерді тікелей субсидиялауды қолдамайды екен. Өйткені, олардың өзіндік жүйесі бар. Мысалы, 2007 жылдан бастап институционалдық және инфрақұрылымдық реформаларды қаржыландыру күрт азайып, ғылыми зерттеулерге, мемлекеттің азықтүліктік қауіпсіздік мақсаттарына, кеңес беру қызметтеріне қаражат көлемі көбейгенін айтады мәліметтер. Қазіргі таңда Қазақстанда да кеңес беруге, азықтүлік қауіпсіздігіне ден қойылуда. Субсидиялауды кемітіп, арзан несие беруді жолға қоюда кейде жалған құжатпен талан-таражға түскен қаржы-қаражаттың текке кетпей, ел игілігін арттыру мақсат етіп алынғаны сөзсіз.

Жан АМАНТАЙ,
Материал «Ortalyq Qazaqstan» газеті
сайтынан алынды.



Нұрбай Руслан Жаманханұлы 1974 жылы Қарағанды облысы Ақтоғай ауданының Ыстыбұлақ ауылында дүниеге келген. 1992 жылы Қарқаралы ауданы Қарағайлы кентінде орта мектеп бітіріп, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды Мемлекеттік университетінің филология факультетіне түседі. 1995 жылы журналистика бөлімшесіне ауысып, 1998 жылы «журналист» мамандығын иеленіп шықты. 1999-2000 жылдары ҚР ҰҚК Шекара қызметінде әскери борышын өтеді. Әскерден соң Қарағанды қаржы колледжінде деканның тәрбие жөніндегі орынбасары болды. 2001 жылдан бастап Қарағанды облыстық телерадиокешенінде әуелі облыстық радиода редактор, кейін телеарнаның жаңалықтар қызметінде журналист болып жұмыс жасады. 2007 жылдардан бастап республикалық «7 арна», «Астана» телеарнасы, «Асыл арна» телеарналарында Қарағанды облысы бойынша меншікті тілші болып қызмет атқарды. Кейін елордадағы «Шалқар» радиосында авторлық бағдарлама жүргізді. 2014-2016 жылдары Абай аудандық «Абай-ақиқат» газетінің директор-бас редакторы болды. 2016-2018 жж. аралығында Ж.Бектұров атындағы жасөспірімдер кітапханасында кітапханашы, 2019-2022 жж. Жезқазған қаласындағы «Дидар» телеарнасының Қарағанды қаласы бойынша меншікті тілші болды. 2022 жылдан бүгінгі күнге дейін Қарағайлы кентіндегі мәдениет үйінде жұмыс істейді. 2001 жылы ҚР Жазушылар Одағына мүшелікке қабылданды. 2003 жылы жастардың Халықаралық «Шабыт» фестивалінің «Поэзия номинациясы бойынша 1 орын иегері, «Тележурналистика» номинациясы бойынша дипломанты атанды. 2009 жылы «Жалын» баспасынан мемлекеттік тапсырыспен «Ыстыбұлақ» жыр жинағы жарық көрді. Жырлары 2013 жылы Астана қаласындағы «Фолиант» баспасынан «Сарыарқа» кітапханасы сериясымен шыққан 100 томдыққа енді. «Қасым оқулары» мұшайрасының жеңімпазы. 2014 жылы Алматы қаласындағы «Нұр-принт» баспасынан «Ар-рух» атты кітабы жарық көрді.

«Үтірсіз уақыт ...»

НӘПСІ МЕН НӘСІП

Нәсібі болса,
Ұлылығынан жерінің ұлты маздаған.
Аманатынан Алланың бір құлы озбаған.
Құдайдан кейін қонағын Қыдыр деп санап,
Ертегі болды естісең, бұл күні ол қоғам.
Қазақпыз!

Нәпсісі қозса,
Балақтан басқа жеткенше битін алмаған,
Иесін силап, сүйекпен итін алдаған.
Құлқынға құл боп, құдайға құлшылық етпей,
Қарыны тойса, қасынып, ұйқы қанбаған.
Мазақпыз!

Нәсібі болса,
Қамыстан қабан атуға құлқы болмаған.
Аты доңыз деп, ас үшін мылтық алмаған.
Тасаттық жасап, тағалаға құрбандық шалса,
Еңсесі үшін елімнің бұлты боздаған,
Аз-ақпыз!

Нәпсісі қозса,
Иманы кетсе, имунитеттің иісі бармаған.
Нашақорлықпен шараптан шайтан күлкі жолдаған.
Делебең қозса, дерт болып дене-денеге,
Ауру таратқан айналаң түрпі-қадалаң.
Көззәппыз!

Нәсібі болса,
Шаңырақтың шуынан шалы ши шығармаған.
Қайғы-сынға да шыланса кірпігі аздаған,
Сабыр сақтаса санаға бәрі сауап боларын,
Сезетін және келерін әлі шылқыған заман.
Ғажалпыз!

Нәпсісі қозса,
Елшілікке жүретін әлгі «түлкі қолбалаң».
Сатқан байлықтың сұрауы қайда, мүлкің – ол далаң.
Қарекет үшін қазына қарппып, қасиет санап,
Өз ұлтынан ұрлайтын әлі, мүмкін өз балаң.
Азаппыз!

Нәсібі болса,
Иманың қайтып, иланып Алла, құлпырар азан.
Базарым дедім, Қазағым менің – нұр тұнар қазан,
Ықылымнан бері «Ырыстың алды ынтымақ» деп
ең,
Тәубе! Басыңда байрақ бабамның Рухы қоздаған.
Азатпыз!

АНКАРАҒА АРЗУ

Mehmet Toplu мырзаға!

*Аркадашым аманбысыз, *гүнайдын!
Мархабатын мәңгі сезген күн-айдың.
Көк Тәңір мен көк бөрілі көп Түркі,
Көк жиекте Сақ пен Оғыз, Ғұн-айбын!
Сары далам сағыныштан кешті мұң...
Айға қарап ұлығанмын, жетті үнім!
Текті ұғымды жан мен тәнге тұмар ғып,
Дұғасы бір дәруші едім Дештінің.
Мәңгілік ел, таңғы жігер - *мерхаба!
Қарт Алатау, қол бұлғайды Қарқара...
Өр Алтайдың өніп шыққан өрені ең,
Алты Алаштан алыстама, Анкара!
Тамырымда тыпыршиды түртіп қан,
Сол қаныма қарайды әлі үркіп маң...
Иассыдан иман иісі бұрқырап,
Қылуette тақым қысты Түркістан!
Ыстамбұлдан ырысты ізгі із етіп,
Сопылықтан соқпақ салды, сыз өтіп,
Кресшіге күрес жүре сен кеттің,
Ошағынды мен қалғанмын күзетіп.
Сынақ бәрі, сабырым жоқ еш кеткен,
Тибетті асып талай-талай көш те өткен.
Сендім саған семсеріндей Селжүктің,
Алашымда Ахысқа мен Месхетпен.
Әлі маған күй-керуен, жыр-жетек,
Тұйық болсам, жапқан жала, түрме-сеп...
*Еміренің ғазалындай ғажабым,
Арыстан баб, Қожа-Ахмет, Пір Бекет!
Төбемізден төксе шуақ осы ай-күн,
Шақәрім мен Мағжан болып жасаймын.
Әлиханмын, Дәлелханмын дүр-дара,
Түрікшілмін мен Мұстафа Шоқаймын!
Бухенвальдта бәрін көрдім азаптың,
Жоқтағанда жүректен шер-саз ақты...
«Түркістанның легионымен» тірі боп,
Отанында оққа ұшқан қазақпын!
Алтай-Дунай арасында тал бесік!
Азандардан алда тұрды таң-несіп...
Домбырамда дүниенің дауысы бар,
*Бағлама да баяндайды баз кешіп.
Бірлік болса, береке мен бақ та егіз,
Арғы баба-Оғыз бен Ғұн, Сақ деңіз!.
Бес күн жалған *«Бесіктастың» добындай,
Толқын ұрған Қара теңіз, Ақ теңіз!
Жерорта су жағасына ту тігіп,
Ататүрік Кемал-керім, ұлт-ұлық!
Еуразия, Егей теңіз еге сен,
Ұлы істерге жетеді әлі ұмтылып.

Түбіміз бір түзеледі жүре көш,
Орхондағы оянады түбі елес...
Мәрмәр теңіз жағасында мәртебен,
Ақ мәрмәрдан қойған мүсін түк емес!
Балбал тас пен бабалардан баймыз біз,
Ұрым менен Византия тайдырды із.
Жеті өлкеде желбірейді қызыл ту,
Қызғалдаққа қызыққандай ай-жұлдыз.
Анадолы, ата жолы... Түркілер!
О, жасаған, Осман боп нұр тілер.
Жұртым-ай! - деп жанбай қалған сан жұлдыз,
Айлы байрақ аясына бір түнер.
Аңғарында қауыз жарар шешек-гүл.
Тұранға да, қыранға да есеп бұл...
*«Түркі болып туған қандай бақытты!»
Жарықтыққа жар бол, Алла! *Тешеккүр!
Аркадашым аманбысыз, гүнайдын!
Барша ғасыр Сақ пен Оғыз, Ғұн-айбын!
Көк жүзінде күнге қыран қалқыса,
Ол менмін ғой, шыныққанмын, шыдаймын!
Құдіретіне шек болмайды құдайдың...

16.12.2018, Анкара
* Аркадашым – достым,
*Гүнайдын – Қайырлы таң.
*Мерхаба - сәлем.
*Еміре – Юнус Емре түркі әлемінің ірі ойшылы,
сопылық поэзияның көрнекті өкілі.
*Бағлама – түріктің музыкалық аспабы.
*Бесіктас – түріктің футбол командасы.
*«Түркі болып туған қандай бақытты!»
- Мұстафа Кемал Ататүріктің сөзі.
*Тешеккүр – Рахмет.

1937-1997



ӘРІП ПЕН ҰҒЫМ

Көз алдымда зымырайды елік-күн,
Елік-күнге мен қалайша еріппін?!
ЖАН деген бір үш әріп кеп ғайыптан,
ӨМІР деген төрт әріпке еніппін.

Содан бері бұлдырайды сағым-күн,
Сағым күнде сабылумен жаным жүр.
АНА деген үш әріпке жауғандап,
БАЛА деген төрт әріпті жамылдым.

Сол атауды өтіп жатқан жеңді күн,
Жеңді күнім, менің атым енді кім?!

ӨКЕ деген үш әріптен таныдым,
ДАЛА деген төрт әріптің кендігін.

Жайсаң жанға шапағатын құйсын күн!
Құйсын күнім, махаббаттан құйсін мұң.
АРУ деген үш әріпті армандап,
СҰЛУ деген төрт әріпке сүйсіндім.

Ақ пен қара жолдарымның жолағы,
Жолағы да уақыттың қонағы.
ДОС деген сол үш-ақ әріп кей кезде,
ТУЫС деген төрт әріптен жоғары.

Тас төбемде жарқ еткенде жасын күн,
Жасын күнде жасағандай жасым мың.
ЖЫР деген сол үш әріпке ғашық боп,
АҚЫН деген төрт әріпке бас идім.

Тістенумен кейде көзге жас алып,
Жас алумен кете алмассың жасарып.
ЖЕР деген бір үш әріпте жүрміз-ау,
ӨЛЕҢ деген төрт әріптен өш алып.

Ғажап шақтың өтеріне ой салмай,
Ой сала алмай, тентектіктен тайсалмай.
АҒА деген үш әріпке жетіппіз,
АҚЫЛ деген төрт әріпті айта алмай...



НҮКТЕ

«Бір нүктеден шықтың, сол нүктеге қайта ораласың.
Бумеранг – тірлік».
Ғазиз Ештанаев.

Ғазиз аға!
Жөн айтады жолдасың.
Өмір – нүкте, өлім – нүкте ол да шын.
Сәлделі ойдан сәуле күтсе, сәл кеше,
Көп кеудеге нүкте қойған қорғасын.

Күн - нүктеден көкжиекке таң атсын.
Шуақ - нұрын шартарапқа таратсын.
Бір ноқаттан мағынасы өзгерген,
Өліпбиін қарап тұрсаң арабтың.

Нүкте екен ғой жолда қалған ендігі із.
Сол іздерден тауып жүрміз жемді біз.
Жаным - ынтық, жауап таппай қиналғам,
Сүйдім екен сені неге менді қыз.

Нұр - нысана ойға шабыт, құт берер.
Жалған өмір жанарыма шық келер.
Шайтан ада, өлмеу үшін үміт қой,
Өлеңімнің соңындағы нүктелер...



ӨКІНІШ

Өмір деген орманда, мақсат-мәре, арман-зар...
Тар маңдайға жазылған, тағдыр-томда талғам бар.
Таңдауың мен талабың тасқа соқса тұмсықты,
Өзегінді өртейді-ау өкінішпен қалғанда.

Өкінішпен, шер-шемен өткен ойлар болады
Арман ұждан қашан да бақ-талайда бағалы.
Қайталанбай қателік, өршімесе өкініш!
Әлемдегі әңгіме «әттең-айлар» болады.

Жалғыз қалып жабықсаң, өкін мейлі, ойға бөк.
Өлең оқып қайтадан құйып алам бойға көп.
Әттең-айлар бір сабак, ал шерлену шок басу
Жаратқаннан кешірім, басқасынан пайда жоқ!

Бай болам деп бекінсем, байланады бағым да
Сіңіп санам барады сол алдамшы сағымға.
Өлең жаздым бекерге, басқаша жан болар ма ем...
Дей алмаймын шатастым сол шабытты шағымда.

Өз ішімде жатады, қанша үміт, қанша әурем,
Шаршауменен жыр жазсам, оқып көрем аңсаумен.
Өкіндірме ей, өмір! Мен өктеммін, өткенмін...
Есімдегі естелік, кешір мені Жан сәулем!

КҮЙ-САРЫН

«Сары-арқам, «сары-жайлау...,
Тыпыршымын шапқым кеп,
«Бес төредей» белсенді бетегенде жаттым көп,
Қос ішектен жібиді, қоюлығы қанымның,
«Көкейкесті» көп арман, кен қопарған Тәттімбет.

Дина, Аққыз, домбыра-мерйірім мен мінсіз мұң...
Бесіктегі әлди мен есіктегі тылсым күн.
Қос ішектен іштегі ізгіліктер оянып,
Салмағы бар атаның, арманы бар қыршынның.

Өмір- әуен білгенге, өмір-өлең, өмір-саз..
Әшімтай боп қалкиды көл үстінде қоңыр қаз.
Қос ішекте бес саусақ, бес күн жалған бебеулап,
Мағауя марғаскам, дәулескер де дауылпаз.

Күй сарыны- көкжиек, күрең дала сыбыры,
Үміттерге үт сәуле, күдіктердің күбірі...
Қорқыт баба қашпаған, көроғұлы бәрібір...
Ықыласпен, Сүгірде қыл қобыздың үзігі.

Аққу күйі ағылса, Нұрғиса нұр айдының,
«Салтанатта» салмағы сағыныш пен қайғыныңн,
Күйлі-күйлі күйменің, сүйгенің мен күйгенің,
Көңіл күйің ал қалай? Қалай сенің жай-күйің?!



ТАҒЫ ОЙЛАДЫМ...

Көктем келді, мен сені тағы ойладым.
Өткенге енді, ойлармен қарайладым.
Қалай жаным табады тыныштықты,
Өлең деген отпенен тағы ойнадым.

Ойдың төгіп қағазға ақ айранын,
Өзің дедім атқан таң арайларын.
Ғашықтардың тілі тек ойлар ғана,
О, тоба қалай білген Абай бәрін?!

Абайды оқып, мен сені тағы ойладым.
Сен жайлы жыр жазғандай талай дарын.
Сені ойласам жүректе шабыт шалқып,
Шуағымен жібітер жан аймағын.

Мен сені тағы ойладым, тағы ойладым.
Сен келесің түсінбей қалай бәрін...
Сол кеткенен жүректе жара қалды.
Сол кеткеннен от алып шөлмектерден,
Өртеніп кетті менің сан ойларым.

Мен сені тағы ойладым, тағы ойладым.
Ойлай берем біткенше жан айғайым.
Бітіргенше жүректің жанармайын,
Жолдай берем жырымды ауылыңа
Ағарғанша осынау самайларым.

Мен сені тағы ойладым, тағы ойладым.
Ұмытты деп ойлама оңай бәрін.
Кездестіріер келеді қалайда күн,
Сонда айтамын қалғанын осы жырдың,
Мен сені әлі ойлаймын, солай жаным!



ТАСПИХ

Күдік, күмән,
Кемсеңдетер, күлдіріп...
Үрейменен кісенделген күллі үміт,
Бір танысым жігерімді жынды ғып,
«...кей адамдар құран ұстап құбылып,
Алла! Дейді бәрін әбден бүлдіріп... »
Қайдан келді бұл күдік?!

Солай дейді,
Солақай сыр танысым.
Мүмкін рас, мұңаымыз жан үшін.
Ар дегенің арман үшін алысу,
Ал арманды ажал ғана анықтар,
Ақ-қарасын, бәрі шын.

Сонда қалай?..
Мешіттегі мұсылман.

Қай мақсаттың мәсхәбіна ұсынған.
Оның бәрін дей алмайсың ұшынған.
Иман үшін жан иланса айып па?
Ерте кеш пе ісің-ЗАҢ...

Ми шатқалға шатыр тіксе шайтаның.
Орындаймыз пенделіктің «айтағын».
Оны мен де, оны сен де байқадың,
Жүрек қана жалған елес біткен соң...
Белгілі ғой қайтарың.

Сонда бәрін білерміз-ау қайта өлшеп,
Қалай болар хақ жолына ойша еңсек.
Таң қалмайсың, тазармайсың қайшы ерсек,
Тойдағы «торт» тоқтығыңның түрі ме?!
Әлде әне мешіттегі майшелпек.

Шындық қайда?!
Сұмдық пайда, сандырақ,
Қайда әлгі, қайда қалды мәңгі бақ...
Құбыламен кеудеңдегі шамды жақ.
...Бас бармақ пен сұқ саусағы сүйел боп,
Бір шал отыр таспих тартып қалжырап.




ЖҰМАДАҒЫ ОЙ

Жұма бүгін, миымызға маза жоқ.
Жақсы жанның көбі кеткен қаза боп.
Соны ойласаң солқылдайды сезімің,
Жалынымен шарпып жанды азалы от.
Жұма бүгін, көз жұмулы, жұма екен.
Жұмыс орны бүгін менсіз, тұл етем.
Дұға орнына жыр оқимын жай ғана,
Жұматай бар, Тұрсын Жұмаш, Жұмекем...
Жұма бүгін, жанды неге кірлетем,
Бәрімізге баратұғын бір мекен.
Жұмағали Саин аға кеш бізді,
Жәләп жандар көшенізде жүр мекен.
Жұма-жұма, алақаным қарысты,
Ойларымды жеткізсем деп бар ішкі.
Жұман байдың жайлауында тұрамыз,
Жұма сайын төлеп тиын-табысты.
Жұма бүгін, сол күн маған бөлекте,
Жаманхандай әкем кеткен елеске.
Жұманхан деп жазып қойған бір жылы,
Термен келген сол әскери билетке.
Жұма бүгін, миымызда маза жоқ.
Мешіт бос тұр, лапылдайды базар-от.
Қос күн боспын, қайда барсам...?
Е, қойшы,
Кім ол жаққа кетті дейсің таза боп.

* * * * *

ТЫҚ- ТЫҚ ТІРЛІК

Іздейтін кезде жаным махаббат,
Мұңлы ойдан кетем құтылып.
Жүйкемді жеді-ау қабырға сағат,
Тынымсыз осы тықылы.
Көшеге шықсам тым аппақ өңді,
Бір жан жүр билеп бөксесі.
Тықылы тағы құлаққа келді,
Тас жолға тиіп өкшесі.
Шегі жоқ ойлар шырмалып ақыр.
Кірсем де сонау жасыл бақ,
Тірлігі үшін тырбанып жатыр,
Теректі тесіп тоқылдақ.
Жанымды мұннан аршып алып бір
Көктемнен келген жыр құттім.
Тықылдап жерге тамшы тамып тұр,
Тамырын соғып тірліктің.
Үтірсіз уақыт, үркемін анық,
Тық-тықтан мынау жалықтым.
Бөлмеде жатсам бүркеніп алып,
Сол үнмен кеудем қағып тұр...
Тық-тық.



Бала бақыт – бала нұр



Тілші: – Акерке Дәулетқызы ашылғанына үш айдың ғана жүзі болған бөбекжай-балабақша бүгінде сәбилердің жарқын күлкісімен толысып, бүлдіршіндер үшін жайлы мекенге айналғандай. Тағы да құтты болсын айтамын. Осындай балабақша ашу идеясы сізде қалай пайда болды, бұл батылдыққа алғаш қадамды қалай жасадыңыз?

Акерке Дәулетқызы: – Иә, «Жас келсе іске деген» нақыл біздей бойында оты, күш-жігері бар жастарға қарата айтылса керек. Әрине, бірден балабақша аша сату деген идея туындаған жоқ. Өмірден көрген білгенім, жинаған тәжірибем десем артық емес. Қазір заман жастардікі болып тұр. Бар мүмкіндік қарастырылған. Тек қана идея тауып, оны біліміңмен ұштастыра отырып іске асыру. Талмай іздену керек. Өзіңізде білесіз, қазір менің замандастарым көптеп ақша тауып, жайлы өмір сүргіміз келеді. Ойлана келе, осыдан 2 жыл уақыт бұрын, Қарағанды облысы әкімінің жастар кәсіпкерлерін қолдауға арналған 2 млн. теңге грантын алып, Шет ауданы Ақой ауылынан халық сұранысына орай балабақша ашқанбыз. Оның өзіме де, халыққа да пайдасы болды. Балалардың шат күлкісін көру – үлкен бақыт. Уақыт өте келе әкем Дәулетпен ақылдаса келе, осы Ақтоғай жерінде балабақшаға деген сұраныс бар екен, жұмыс жасап көрсем қалай болар деп ақылдастым. Әкем қолдады. (Жетпегенді жеткізетін демейшім ғой).

Тілші: – Киелі мекен Ақтоғай жеріне хош келдің, тірлікті неден бастадың?

А.Д.: – «Бизнестің жол картасы-2025» бизнесті қолдау мен дамытудың

Болашақ ұрпақ тәрбиесіне ерекше мән бере қарап, мектепке дейінгі тәрбие саласындағы өзекті мәселенің бірі бүгін Ақтоғай жерінде өз шешімін тапқандығын, яғни осыдан біраз уақыт бұрын «Ақсұңқар» бөбекжай-балабақшасының ашылғанын сүйіншілеп айтқан балатынбыз. Бүгінде өз істеріне қызу кірісіп кеткен бөбекжай-балабақша жұмысын көріп, атқарылып жатқан істердің барысымен танысу үшін жас кәсіпкер «Ақсұңқар» бөбекжай-балабақшасының директоры Акерке Дәулетқызымен кездесіп, әңгімеге тартқан едік.



мемлекеттік бағдарламасы аясында, 2023 жылы облыс әкімінің 5 млн. теңге грантына қатысып жеңімпаз болдым. Әрине, осы жерде жұмыс жасау керек болғандықтан, бұл жобаға аудандық кәсіпкерлік бөлімі арқылы қатыстым. Қорғау сәтті шыққан соң іске кірістік.

Тілші: – Бағдарламаның мақсаты экономиканың шикізаттық емес секторларындағы өңірлік кәсіпкерліктің тұрақты және теңгерімді өсуін қамтамасыз ету, сонымен қатар бар жұмыс орындарын сақтау және тұрақты жұмыс істейтін жаңа жұмыс орындарын құру болып табылады. Сіздің жұмысыңыз жаңа жұмыс орындарын құру сатысына жатады. Балабақша үшін бұл, шағын қаражат қой. Алған грант қаржысына балабақша ашу мүмкін емес екені анық, осы жағын толықтырып айтып өтсең?

А.Д.: – Дұрыс айтасыз. Ол енді, балабақша ашу үшін кішкене ғана демеу ғой. Грантты алдық, енді не істеу керек. Ақтоғай еліне келіп алғашқы кезекте ғимарат іздедік. Балабақша болған соң, оның тәртібіне сай талаптары болады. Ол жағын да ойластырдық. Түптеп келгенде, қазіргі ғимаратты таңдап, бірден құрылыс жұмыстары

жүргізіп, бөбекжай- балабақша ашуға білек сыбана кірісіп кеттік. Екі-үш айдың ішінде жөндеу жұмыстарын аяқтап, құжаттарын реттеп 75 орындық балаға құзырлы орындардан рұқсат алып, жұмысымызды бастадық. Халық өте жоғарғы дәрежеде ризалықтарын танытып, алғысын айтып жатыр. Бұл балабақша көптен бергі жоспарланған жемісті жетістігіміздің бірі. Отбасымызбен бірлесе жұмыс жасап, балабақшада жинаған тәжірибем үлкен іске қадам басуға сеп болды. Алдағы уақытта балабақшамыз патриоттық сезімдері жалындаған ұлт ұрпағын тәрбиелейтін алтын орда болады деп сенем.

Тілші: – Осыншама баланы қабылдадыңыз, жұмыскерлер-қызметкерлерді қалай таптыңыз?

А.Д.: – Осы ауданнан ашып отырганнан соң, мансап орталығы арқылы мамандарды шақырып, бүгінде ауданның 10 жұмыссыз адамына жұмыс беріп отырмыз. Әрине, білім бөлімі арқылы субсидия беріледі, дегенмен алғашқы уақыттарда барлық қаражат, еңбекақы өз қалтамыздан төленді.

Тілші: – Сөз реті келгенде сұрап өтейін, облыс әкімінің грантынан

алған грант қаражатына, бөбекжай- балабақшаға не алдыңыздар. Әрине, қаржы шағын болғанымен, беретін есептеріңіз көп дегендей. Әрмен қарай балабақшаның қазіргі сәттегі жұмыс барысына тоқталып кетсеңіз?

А.Д.: – Оған бөбекжай-балабақша ішіне жиһаз және төсек жабдықтарын алдық. Әрине аз, дегенмен көмек. Бүгінде үш топта 75 бала балалық бал дәуреннің рахатын көріп жүр. Әр бөлме балалардың жас ерекшеліктеріне қарай



жабдықталған. Яғни, мұнда 2 жасан 6 жасқа дейінгі балалар қабылданады. Бүлдіршіндерге тек тәрбие беріп қана қоймай, олардың спортпен, музыкамен айналысуына да баса назар аударылған. Бүгінде мұнда 14 адам жұмыспен қамтылса, оның 6-ы педагог маман. Бөбекжай- балабақша заманауи үлгіде жабдықталған. Бөлмелері кең, жылы әрі жарық. Мұнда үш топ бар. Білікті педагогтар балғындарға тағылымды тәліммен қатар, жан-жақты болуды үйретеді деген сенім мол.

Тілші: – Сырлы сұхбатыңызға рахмет. Бала – біздің болашағымыз. Сондықтан тәуелсіздіктің тұтқасын берік ұстап, ел ертеңін ойлайтын саналы, отансүйгіш азамат тәрбиелеу бағытындағы жұмыстарыңызға сәттілік болсын.

Г.Елеусізова.

Халық қажеттілігі өтелуде

«Қуатты бизнес – қуатты мемлекет» деген Президенттің сөзі бүгінгі таңда орта және кіші бизнес саласында нәпақасын тауып отырған әр кәсіпкердің кредосына айналғаны талассыз. Үстіміздегі жылы Шашубай кентінің тұрғыны, көп балалы әке Қайсар Тұрсынбаев «Кәсіпкерлікті дамытудың 2021-2025 жылдарға арналған ұлттық жобасы» бойынша грант алып Шашубай кентінен полиграфия орталығын ашқан болатын. Алғашқы кезекте мемлекеттен берілген қаржыға ноутбук, принтер, көпсалалы термопрес, кесу плоттері, ломинатр түптеу машинасы, визиткалар мен жапсырмаларға арналған кескіш сатып алып жұмысты бастап, уақыт өте келе басқа да жабдықтармен толықтырған. Халық қажеттілігі туындаған соң, ойлана келе кенттен осы орталықты ашуды ниет еткен Қайсардың жұлдызы оңынан туып, грант иегері болған соң жұмыс жасайтын орынды жалға алып, жұмысын




бастап кеткен. Бүгіндері кент тұрғындарының кәсіпкерге деген алғыстары шексіз. Бұрындары көшірме жасау үшін де Балқаш қаласына тартып отыратынбыз, қазір рахат болды. Үйдің іргесінде, тіптен тапсырыстарымызды әлеуметтік желі арқылы

жіберіп, ала-аламыз дейді. Полиграфияда портретті холстқа, пленкаға, фото қағазға, отбасылық фото-кітап, фото лездеме, кеңсе құжат бланкілерін, арнаулы мереке-тойларға шақырулар, бонбоньерки, баннер, арткартинка көшірме басу, визитка жасау, құжаттарды ламинаттау жұмыстары көрсетілуде. Ауданымызда соңғы жылдары кәсіпкерлерді қолдауда көрсетілген көмек аз емес. Қайтарымсыз гранттар кәсіпкерлердің ісіне таптырмас тірек, зор демеу болып келеді. Президентіміз кезекті Жолдауында атап өткендей, отбасылық бизнесті өркендету керек. Осы орайда Қайсар Сейтқалиұлының бастамасын отбасылық бизнестің үлгісі ретінде келтірсек қателеспейміз. Шағын ғана кентімізде осындай бизнес ошақтары пайда болып, ел экономикасы нығая берсін деген тілегіміз бар.

Гүлнар Метайқызы,
Шашубай кенті.

Демалғың келсе, бел аспай-ақ Бектауатаға бар

Туризм ел экономикасын дамытушы әрі перспективалы бағыттарының бірі. Осы мақсатта ата-бабаларымыздың туған жері Ортадересін ауылы



Бектауата аймағынан туристік орталық ашуды жастайымнан армандайтынмын, – деп бастады әңгімесін жас кәсіпкер Данияр Асқарұлы. «Туған жерге туың тік» деген қағиданы ұстанып асқақ арманымды 2020 жыл Бектауата жерінен жер алып, жұмыс жасауға бел будым. Алайда, эпидемияның алаң-гелең уақыты өткенше екі жыл болды. Ел еңсесін тіктей бастаған уақытта, яғни, 2022 жылы жер аяғы кеңіген кезде тауда таза ауада демалушыларға бір киіз үй тігіп, әлеуметтік желі арқылы жарнама жасап бастадым. Дегенмен табиғатта демалуды сағынып жүргендер көп екен, демалушылар қарасы көбейіп, іле екінші үйді сатып алып шаруамды дөңгелете бастадым. Жұмысым нәтижесін бере бастаған соң облыс әкімінің грантына қатысып, 2023 жылы қараша айында 5 млн. теңге грантты жеңіп алдым. Оған ағаштан

жасалынған екі WIP киіз үй алдым. Бүгінгі таңда демалушылардың сұранысын қанағаттандыру мақсатында 8 үй тігіп, шаруамды жасап отырған жағдайым бар. Киіз үйлер заман талабына сай барлық қажеттіліктермен қамтылған. Самаурынмен шәй ішіп, қазан ошақта тамақ жасауға



мүмкіндіктер қарастырылған. Жұмыс маусымы негізі май айында басталып, жазда қызу жүреді ғой. Жұмыс жақсы жүру үшін жарнама да жақсы жасалынуы керек, соған сай келушілердің сұраныстарына қарай жағдайлары жақсы көңіл-күйде демалып қайту керек. Бұл менің басты мақсатым. Үстіміздегі жылы Балқаш өңірі өз алдына жан-жақтан Франция, Испания, Германия, Россия, Словакия тіптен Сингапурден келген демалушылар болды. Туризм саласы енді дамып келеді ғой біздің өңірде. Этноауыл біздің Қарағанды өңірінде жаңа бас көтеруде. Менің мақсатым қолда бар мүмкіндікті пайдаланып, осы этноауылды дамыту. Демалушыларға алдағы уақытта тек үйде жатып

демалмасын деп, атқа мініп қыдыру үшін жылқы түлегін алып жатырмын. Бұл жерде садақ ату, тоспа доп ойнау сияқты жағдайлар да қарастырылған. Бизнестің дәмін татқан соң, қиялың да армандарың да биікке самғай береді ғой. Ұлттық киімдер алдыру да жоспарымда бар. Бүгінгі күні 1 адамды жұмыспен қамтып отырмын. Негізі отбасым, туғандарыммен бірлесіп жұмыс жасаудамыз. Алдағы

қарастырамын деген жоспарым – бар деп аз ғана уақыт ішіндегі жұмыс жайын баяндап өтті Данияр Игембаев.

PS: «Кереметті көру үшін саяхаттау керек, жер-жерді аралау керек» деген қағида бар. Сондай кереметті көріп, жаныңды бір сәт тыныштықта демалтқың келсе, Бектауатаға жол тарт, онда Данияр сізді күтеді. Тамаша табиғаттың саф ауасымен жазда да, қыста да тыныстап рухани



уақытта жұмысымның аясын кеңейтіп, келушілер тек демалатын жағдай жасасам ба, яғни, асхана, қымызхана ашып дегендей. «Армансыз адам, қанатсыз құспен тең» дейді ғой. Алда шағын үйлер (домик) салып, қыста да бірен-саран демалушыларға шаңғы тебу, атпен, атшанамен, аэрошанамен серуендеуге мүмкіндікті

күш жинап қайтқанға не жетсін. Тіптен шілденің шілінгір ыстығында киіз үйлерде кондиционер орнатылған жерде, салқын қымыз ішіп демалған қандай тамаша. Шетел асып бел қайыстырмай-ақ Бектауата жерінде демалуға болады екен, бағасы да қолжетімді.

Айбын Жаманхан.

Дәріхана ашылды

Бүгінгі күнде қаржылық дағдарыстың әсері дәрі-дәрмектің қымбаттауына да түрткі болғанын айтып шағымданатындар аз емес. Кент тұрғындарын сапалы дәрі-дәрмектермен қамтудың қажеттігі де күн сайын арта түсуде. Дертімен күрескен жандар дәріханаға жиі баратыны рас. Уақыт уақыттан бері Шашубай кентінің тұрғындары орталықтан дәріхананың ашылуын сұрап, күтіп жүрген болатын. Желтоқсан айының жұлдызды күндерінің бірінде кент тұрғындарының сұранысын қанағаттандыру мақсатында кәсіпкер Әсем Жанатқызы өз қаражатымен әлеуметтік маңызы бар «АКО-ФАРМ» дәріханасын ашып, халыққа қызмет көрсете бастады. Мемлекеттің басты байлығы – халық. Елдің



саулығы, әл-ауқатының жақсы болуы деннің саулығына байланысты. Дәріхананың ашылу салтанатында кент әкімі Нариман Мангишев, ардагерлер кеңесінің төрайымы К.Әбеуова,

аудандық мәслихат депутаты Е.Серіков құттықтау сөз сөйлеп, халық игілігіне жұмыс жасап жатқан осы дәріхана иесіне халық атынан алғыс айтты. Дәріхана басшысы Әсем Жанатқызы сөз алып

халыққа қызмет жасауға әрқашан әзір екендіктерін жеткізіп, 4 әлеуметтік осал отбасына дәрі алуға сертификат табыстады. Көпшілік дәріхана ішін аралап танысты. Онда медициналық тауар

түрлерін сақтаудың барлық шарттары ескерілген. Дәрі-дәрмектерді белгілі бір температурада сақтайтын арнайы орындар бар. Сондай-ақ, мұнда жақпамайлардан бастап фитотерапия өнімдері және қабынуға қарсы қолданылатын дәрілік заттар ассортименті, иммунитет жоғарылататын дәрумендер мен сироптардың сан түрі бар. Сирек кездесетін дәрі-дәрмектерді тапсырыспен алу мүмкіндігі де қарастырылған. Дәрілердің барлығы Қарағанды қаласының фармацевтикалық фирмаларынан алынады. Қуанышты күнде Шашубай кенті мәдениет үйінің өнерпаздары әннен шашу шашып, мерекелік концерт ұсынды.

Г.Елеусізова.

Ауданның дамуы: өнеркәсіп, инвестиция және кәсіпкерлік

2024 жылдың қаңтар-қазан айларының қорытындысы бойынша ауданда әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерінің өсу қарқыны жоғары деңгейде екені байқалады.

Ауданымызда қолайлы инвестициялық ахуал қалыптасты. Негізгі қорға тартылған инвестиция көлемі 78 млрд. теңгені құраса, 2023 жылдың сәйкес мерзімімен салыстырғанда (40,1 млрд. теңге) салыстырғанда 1,9 есеге артты. Тартылған инвестицияға біршама ірі кәсіпорындар үлес қосуда, атап айтқанда: 49,6% «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы – «Ірі жобаларды іске асыру жөніндегі дирекция» филиалының Достық-Мойынты бағытындағы теміржолдың екінші линияның құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізуде, 34,3% «Казавтожол» Ұлттық компаниясы Балқаш – Сарышаған бағытында 139 км, Балқаш-Ақсу-Аюлы (Бектау ата) бағытында 40 км жөнделуде, 8,9% «Алтыналмас АҚ» АҚ машиналарды, жабдықтарды және көлік құралдарын сатып алған.

Аудан экономикасын дамытудың басты көзі болып табылатын өнеркәсіп саласы. Өнеркәсіп өндірісінің негізгі көрсеткіштерін аудан бойынша 6 орта және шағын деңгейдегі кәсіпорындар: «Алтыналмас АҚ» АҚ кәсіпорыны, тау-кен өндірісіндегі «Балқаш тау-кен» кәсіпорыны, «Балхашбалық» кәсіпорыны, «Алтыналмас Technology» ЖШС, «Ирказ Металл Корпорациясы» ЖШС және тоқпен жабдықтаудағы Сарышаған тоқпен жабдықтау дистанциясы құрайды.

Өнеркәсіп өнімінің көлемі 229,3 млрд.теңге болып, 2023 жылдың сәйкес мерзімімен (134,8 млрд.теңге) салыстырғанда өсім 170,1% құрады.

Жалпы өндіріс, индустриялық-инновациялық даму ел экономикасын тығырықтан шығарудың ең ұтымды жолы екендігін ескерсек, бұл жұмыстар алдағы уақытта да ауданда қарқын алатын болады. Қуантарлық жағдай, ауданға инвестиция тарту, тау кен өндірісін дамыту бағытында ауқымды шаралар атқарылғалы тұр.

Ауданда алдағы 2025-2029 жылдары жалпы құны 69 млрд. теңге болатын өнеркәсіп саласында темір және түсті метал өңдеу, мыс штейн, молибден өндіру үшін 5 ірі жобаларды жүзеге асыру көзделуде. Сөйтіп 750-ден астам жұмыс орны ашылады деп жоспарланып отыр.

Аудан бюджетінің толығына елеулі үлес қосатын шағын кәсіпкерлікте қарқынды дамып келеді. Аудан бойынша шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны – 1629.

Жұмыспен қамтылған адам саны - 2274. Бұл аудандағы экономикалық белсенді халықтың 23,8% құрайды.

Ауданда шағын және орта бизнес саласында белсенді жұмыстар жасалуда. Бүгінгі күнге 10 әлеуметтік нысандар 121 млн.теңгеге ашылып, 11 жаңа жұмыс орындары құрылды.

Бағаны тұрақтандыру мәселесі күн тәртібінен түскен емес. Базардағы, дүкендегі азық-түлік бағаларына күнделікті мониторинг жүргізілуде. Нарықтың 90 субъектісімен инфляцияны ауыздықтау, бағаны тұрақтандыру мақсатында ауылдық округ әкімдері, кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімі, жеке кәсіпкер болып ұш жақты Меморандумдар жасалды.

Жалпы аудандағы ірі елді мекендерде тұрақты түрде өткізіліп жүрген жәрмеңкелерге ауданымыздың көптеген шаруа қожалықтары өз үлестерін қосып, нарықтағы бағадан 10-15 пайыз төмендетілген бағада сапалы ауылшаруашылық өнімдерін ұсынуда.

Алдағы жылдары өнеркәсіп және кәсіпкерлік бағытында ел экономикасына серпін беретін жобалар іске асырылуы жалғасатын болады.

Д.Қаура,
аудандық кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімінің басшысы.

Естен кетпейтін бір тұлға...

«Тарих – елдің айнасы, тарихтан ел өткен уақыттағы мінін көреді. Айна жоқ болса, адам бет-аузын көре алмайды. Тарих жоқ болса, ел өткен күнін һәм мінін көре алмайды. Мінін көре алмаған соң, өмірін ондай алмайды. Ондамаған соң мәжнүн болып құдыққа құлайды» – дейді Әлихан бабамыз XX ғ. басында. Тарихы бар ел өсіп өнеді. Тарихы жоқ ел жоғалады. Бұл хақ нәрсе.

Сарыарқадағы тарихи-мәдени шежірелердің мол қоймасы, көркіне көз тоймайтын жер жанның – Қарқаралы өңірі тарихының өскелең ұрпақ үшін маңызы өте зор. XIX ғасырдың екінші жартысында Ресейдің капиталистік өнеркәсібі мен Қазақстандағы ауылшаруашылық өндірісі арасындағы қатынас күшейді. Сауда мен өсімқорлық капитал Ресейдің орталық губерниялары мен Қазақстан арасындағы ғана емес, сонымен бірге өлкенің өз ішінде тауар айналымының өсуін тездетті. Қазақ шаруашылығының рынокпен байланысының өсуіне патша өкіметінің саясаты ықпал жасады. Қазақтарға ақшалай көптеген салықтардың салынуы, олардың өнімдерінің бір бөлігін рынок арқылы саудаға салуға мәжбүр етті.

Мал мен астық барған сайын тауарға айналды. XIX ғасырдың екінші жартысында Ресейге мал шаруашылығы өнімдерін жеткізу шапшаң өсті. Ресей саудагерлері Қазақстанда сауданың жаңа түрі – жәрмеңкелік сауданы енгізді. Реформадан кейінгі кезеңдегі ең ірі жәрмеңке – Қоянды жәрмеңкесі немесе Ботов жәрмеңкесі 1848 жылы құрылып, Қарқаралыдан 52 шақырым жерде бой көтерді. Жәрмеңке екі шақырымға жуық жерді алып жатты. Ялуторов көпесі Варнава Ботов Талды өзенінің Қарасор көліне құятын сағасына жакын жерге, Токпан тауының бауырындағы кең жазыққа өндіріс бұйымдары тиелген керуенін тоқтатып, еру жасайды. Мақсаты – Қызылжар базарына мал айдап бара жатқан қазақтардың алдын тосып, олар үшін қат дүниелерді тірі тауарға айырбастау болатын.

Қоянды жәрмеңкесінің қарыштап дамуына бірнеше қолайлы жағдай әсер етті. Ең алдымен, ол Семей губер-ниясының сыртындағы Қарқаралы оязының теріскей бетінде орналасуы. Оған Ақмола облысының, Торғай өңірінің шаруалары еркін қарым-қатынас жасай алатын. Екіншіден, сол кездегі суы мол Талды өзені жер қайысқан малдарын шөлден тарықтырмауға еркін жететін еді. Оның үстіне, саудаға түскен ауыл шаруашылығы және тау-кен өнеркәсіп шикізатын Ресейдің еуропалық бөлігіндегі кәсіпорындарына жеткізуге өте қолайлы Қарқаралы - Кереку көлік жолы Қоянды жәрмеңкесінің үстін басып өтетін еді. Осының нәтижесінде, біз әңгіме етіп отырған сауда орны тауар-ақша айналымы бойынша қазақ жеріндегі ең ірі сауда орталығына айналды және уақыт өткен сайын үдемелі түрде ұлғайып отырды. Варнава Серафимович Қояндыда сарғыш, көк, қызыл тастардан үй, дүкендер салдырады. Жұртты бір жерге жинайтын кезде төрт жерге орнатқан үлкен-үлкен қоңырауларды қаққызады екен. Сол кезде қызылды-жасылды киінген Біржан сал ат үстінде үкілі домбырасымен:

«Базарың құтты болсын, ардақты елім,
Қоянды ту көтерген думан жерім.

Қарқаралы, сұлу Көкше - жер шоқтығы,

Сарыарқа - алтын асу, асқар белім», – деп жәрмеңкені әнмен ашады екен. Мұндағы думанға атақты қобызшы Ықылас Дүкенұлы, белгілі күйші Тәттімбет Қазанғапұлы, есімі алты алашқа белгілі ақындар Жанак, Шөже тәрізді әйгілі өнерпаздар жиналатын болған (Ләмбеков С. Қоянды жәрмеңкесі. Егемен Қазақстан. 1998.18 тамыз). Қоянды жәрмеңкесі сол кездегі Орталық Қазақстандағы өте маңызды саяси, мәдени, экономикалық орталық болды. Қазақ қоғамы бұл жерде сауда жасап қана қойған жоқ, сонымен бірге сол дәуірдің барлық саяси, мәдени жаңалықтарын да естіп, біліп отырды. Яғни, бір сөзбен айтар болсақ, қазақ мәдениетінің өркен жаюына, оның үздік үлгілері әлемнің бірегей туындыларымен үндесуіне, қазақ қоғамының саяси шындалуына да қосқан үлесі орасан зор.

Абдрахман әулетінің Сарыарқаның бел ортасы

Арқаға қоныс тебуіне де мұрындық болған, тағы да Қоянды жәрмеңкесі болды. Қызылжардан Қоянды жәрмеңкесіне келіп сауда жасап, кәсіппен айналысып жүріп бабамыз Абдулла Фатхуллаұлы Қарқаралыда, Әлихан Бөкейханмен танысады. Араласып, пікір алысып жүреді. Ол туралы Әлихан Бөкейханның туған інісі Смахан төренінің жазған естелігінде баяндалған. (Егемен Қазақстан 1991ж) Абдулла Фатхуллаұлының еңбекқор, шаруаға пысық, іске мығым, жаңашылдығын байқаған Әлихан: «Біздің ауыл Жіңішке өзенінің шығыс жағы, Желтау елді мекенінде тұрады. Әкеме, бауырларыма хат жазып берейін, олар сізге жер береді, еншіге мал береді, сіз елге барып, қыр қазағына отырықшылықты, егін салуды, тері илеп былғары жасауды үйретіңіз. Май заводын салыңыз, диірмен салып, ұн тартуды үйретіңіз» деп ұсыныс жасайды. Осылай айтуына қарағанда, сенім білдіргені аталған істерді Абдулла Фат-хуллаұлының қолынан іс келетініне сенгені болуы керек, ұлт көсемінің. «Қыр халқы бос жүреді. Бос отырған бастарына ауыр сын тумаған соң мехнат жұмысқа иленбей мал шаруасыменен күнелтіп жүрді. Мал бағу өз жөнімен жүре береді. Өлгенге шейін бір қазақ мал бағуды түзеуге ойлаған жоқ, қанша заманнан бері ата-бабаның жолыменен жүреді де отырады. Қазақ тып-тыныш жатып, еріншек, һеш нәрсе қылмайды деп ойламаңдар! Олар қайратты, жұмыстың бәріне де жарайды... Бірақ оларды қозғау керек. (Әлихан Бөкейхан.Таңдамалы-Избранное. Астана 2016ж 14 том) Әлихан Бөкейханның айтқанындай, Абдулла атамызға Ақтұмсықтан жер, алдына мал беріп, сол жерге қоныс тебуіне мұрындық болады. Осымен Арқадағы Абдулла әулетінің абыройлы жаңа тарихы басталады. Тоқырауын өзенінің шығыс жағындағы Қозыбай тоғаны мен Ханқожа тоғанының арасынан,теректің түбінен жаңадан Әбекене (Абдулла атамызға) тоған береді. Тоғанның суы мол, жері құнарлы болып, егіндері ылғи да бітік шығып отырады. Кейіннен осы тоғанды жергілікті жұрт «Әбекен тоғаны» деп атап кетеді. Абдулла атамыз алғашқы болып Тоқырауынның осы тұсынан су диірмен салып, ұн тартып халықтың разылығына ие болады. Ақтоғай өңіріне алғашқы су диірменін салып, халықты ұнға кенелтіп, осы кәсіпті дамытқан Абдулла Фатхуллаұлы екені Ақтоғай халқына аян. Ақтоғай өңіріндегі диірмендер тарихы Орталық Қазақстанның ауыл шаруашылығы мен экономикалық дамуының маңызды бөлігі екені тарихтан белгілі. Яғни, Абдулла Фатхуллаұлы егін салып, диірмен тартып ауқатты тұрады . Отырықшылықты насихаттап, аудан халқына алғашқы болып суармалы әдіспен егін салуды да үйретеді. Аудан халқын ұнмен қамтамасыз етіп отырады.

Абдулла Фатхуллаұлы мықты қара күш иесі болғаны туралы ел аузында көп әңгіме тараған. Абдулла ақсақалдың Құлагер, Қарашолақ деген мықты аттары болады. Бірде Желтаудың етегінде отырғанда, ауылдың жылқыларын Тобықты-Жігітек елінің Әділхан бастаған ұрылары айдап кетеді. Айдап кеткен жылқының ішінен Абдулла ақсақалдың Қарашолағы бөлініп, ауылға келеді. Абдулла ақсақал жылқыға жау тигенін бірден түсініп, бесатары мен зырғағын ала салып: «Жылқыға жау тиді, сендер артымнан келе беріңдер!» деп, сондарынан қуып кетеді. Ұрылардың басшысы Әділхан жалғыз атты қуғыншыны көргенде: «Бұл тегін қуғыншы емес, не өзі өледі, не біреуімізді өлтіреді» дейді. Абдулла ақсақал жылқының алдын орап, зырғағын зырылдатып жылқының бетін қайтарады. Іштеріндегі біреуі ақсақалды атады да, оқ ертоқымға тиеді. Абдулла ақсақал қолтығының астынан көздеп атып қалғанда бір ұрының қақ мандайынан оқ тиіп, ол атынан құлайды.

Абдрахманова Камшат Жақсылыққызы,
Қарағанды Медицина университеті
Қазақстан тарихы және
әлеуметтік-саяси пәндер кафедрасының
ассистент-профессоры.

(Жалғасы бар).

Ән арқауы – Туған жер

Ән десе, ішкен асын жерге қоятын қазақ емеспіз бе?! Дәл осы сөзімізге айғақ болу үшін Алаш ардақтысы Сұлтанмахмұт Торайғыровтың айтып кеткен сөзіне жүгінсек, өмірден жастай мәңгілікке көз жұмып кеткен ақын қазақ халқының әнге деген құштарлығын былайша жеткізеді: «... біздің қазақ ән құмар халық... Біреу қолына домбыра ұстап ән сала бастаса, ойдағы-қырдағысы жиналып, сегіздегі бала, сексендегі шалына дейін қалмай қамалап, айтшы-айтшылап жанын жағасына келтіреді. Бара-бара не болса да сол әндегі рух сүйегіне сіңеді, құлағында қалады».

Содан қаймағы бұзылмаған халқымыздың ән құмарлығы еш өшпей бүгінгі күнге жетуі, біздің рухымыздың биіктігін көрсетеді. Осы ретте туған жерін әнге арқау еткен Қарағанды облысына қарасты Сарышаған кентінің тұрғындары Мәдениет үйінің залында «Сарышаған вальсі» әнінің тұсаукесерін өткізді.

Көпшілік жиналған өнер сүйер қауымның қолдауымен сахна төріне «Сарышаған вальсі» әнінің сөзін жазған ақын Роза Жұбатқанқызы мен музыкасын көркемдеген сазгер Наурызбай Бейсекеев көтерілді. Сонымен қатар, осы бір жаңадан шыққан әнді нақышына келтіріп орындап жүрген Сарышаған кентінің жезтаңдай әншісі Жанбота Русланқызын көрермендер зор қошеметпен қарсы алды.

Алдымен, биік мінберден сөз алған Сарышаған кентінің әкімі Тойымбеков Ануар Сулейманұлы «Сарышаған вальсі» әнінің шығуына түрткі болған барлық өнерпаздарға шексіз алғысын білдіріп, оларға шығармашылық табыс тіледі. Сондай-ақ, осы әннің шығуына қолдау көрсетушілердің қатарынан Марат Дарибеков, Дәулет Асанов және Сарышаған кентінің Аналар кеңесінің төрайымы, тұсау кесер кешті ұйымдастырушылардың бірі Нұржамал Шуланова құттықтау сөз сөйледі. Осы ретте Сарышаған кенті тұрғындарының сүйікті әніне айналған «Сарышаған вальсі» әнінің жарық көруі мен бейнетүсірілімнің шығуына демеушілік танытқан Сарышаған кентінің азаматтары Естай Исабеков (марқұм), Дәулет Асанов, Алмас Асауов, Марат Дарибеков, Амангелді

Ермекбаев, Талғат Медиев, Ербол Медиев, Кеңесбай Қыдырманов, Серікбол Дакенов, Қайрат Сембеков Бағлан Смагулов және Шынболат Байтанов есімдерін ерекше атаған жөн.

Сахна төрінде сазгер Наурызбай Бейсекеев пен ақын Роза Жұбатқанқызы салтанатты түрде «Сарышаған вальсі» әнінің тұсаукесер рәсімін жасады. Қазақтың дәстүрімен көрермендердің көз алдында шашу шашылып, Мәдениет үйінің залы ән мен күйге бөленді. Дүйім жұрттың алдында жас талантты өнерпаздарды домбырамен күй



орындауға үйретудің білікті маманы Айман Нуртаева жетекшілік ететін «Жалын» домбырашылар ансамблі алдымен Тоғжан Жахиннің «Дала рухы» күйін төгілтсе, іле-шала күй атасы Құрманғазы Сағырбаевтың «Балбырауын» күйі мен композитор Нұрғиса Тілендиевтің «Әлқисса» күйінің қосындысындағы попуриді тамаша орындап шықты. Келесі кезекте сахна төріне көтерілген «Балауса» би тобының бишілері көрермендерге «Қазақ» биін тарту етсе, қазақ халқының қасиетті қобыз аспабымен өнерпаз Еркін Назерке өнер сүйер көпшілік қауым алдында Али Алпысбаевтың «Арман ай» шығармасын өз нақышында орындап, зор құрметке ие болды.

Көп күттірмей, әншілік өнерімен Сарышаған кентінің тұрғындарын тамсандырып жүрген әнші Жанбота Русланқызы «Сарышаған вальсі» әнін орындап, көпшіліктің құрметіне бөленді.

«Құлақтан кіріп бойды алар, Жақсы ән мен тәтті күй, Көңілге түрлі ой салар, Әнді сүйсең, менше сүй» – деп ақын Абай атамyzдың өлең жолдарында көрсетілгеніндей, тұсауы кесілген осы бір жаңа туынды – «Сарышаған вальсі» әнінің жұртшылық көңілінен орын тауып, көп ұзамай Сарышаған кенті тұрғындарының шырқап айтар мәңгілік Әнұранына айналатынына сенімдіміз!

Шынтас Мухашев,
Сарышаған кенті.

Жұлделі оралды



Астана қаласында “TALANTSTAR ASTANA” атты балалардың республикалық байқауы болып өтті. Жан-жақтан келген бүлдіршіндер бойларына тұнған өнерлерін көрсетті. Осы сайыста Шашубай кентінен 9 жасар Айзере Маратхан ұлттық аспабымыз домбырада Құрманғазы атамyzдың

«Балбырауын» күйін ойнап, бас жүлдені жеңіп алды. Жетекшісі Ербекеева Бибігүл апайы өзінің сөзінде оқушысына алаңдап бір орында тұра алмай қобалжып, 9 жасар баланың жүзінен қайсар мінез байқағанын жеткізді. Сахна төрінде басын иіп, домбырасын қолына алып «Балбырауын» күйін құйқылжыта орындап, саусақтарын пернеге тізбектеп, домбыраға қарамай тартып, өзін сахнада еркін ұстаған шәкіртіне дән риза. Бойындағы патриоттық сезіммен күйді орындап шыққан жерлесіміз көрермендердің қошеметіне бөленіп, бас жүлдеге ие болды. Таңдауы бойынша Болгария, Германия Грузия елдерінің біріне тегін жолдама берілді. Жетекшісі Бибігүл апай: – Айзере атына сай зерек, сабақты жақсы оқитын озат оқушы, берілген тапсырманы мұқият орындайды. Айзереден мықты күйші де шығады, тек тіл-көзден сақтап, қазақтың ата-бабамыздан қалған ұлттық мұрамызды сақтап, шеберлігін шыңдап, жетілдіретініне кәміл сенемін, – деді. Айзереге мықты денсаулық, ата-анасының, әжесінің мақтанышы, кентіміздің үлгі етерлік күйшісі болып, арман-мақсатына жете беруіне тілектеспіз, – дейді жерлестері. «Қос ішектің бірін қатты, бірін сәл-сәл кем бұра, нағыз қазақ қазақ емес, нағыз қазақ домбыра! – дегендей домбыраңмен күй күмбірлетіп, асқақтай бер.

Айбын Жаманхан,
Шашубай кенті.

Жария тыңдаулар өткізіледі

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу Комитетінің Қарағанды облысы бойынша департаменті, Қарағанды қаласы, Костенко көшесі, 6-үй, мекенжайы бойынша орналасқан (тел. 42-67-00, 41-18-27, сайт <https://www.gov.kz/memleket/entities/krem>) Балқаш қаласы, М.Қазыбекова көшесі, 19А мекенжайында орналасқан «Казэнергоцентр» ЖШС хабарламасын қарау бойынша жария тыңдаулар өткізеді. 31.12.2024 жылдан бастап электр энергиясын бөлшек саудада өткізу қызметтеріне шекті бағаны көтеру туралы.

Жария тыңдаулар онлайн-трансляцияны қамтамасыз етумен (Facebook әлеуметтік желісі арқылы өтеді <https://www.facebook.com/dkrem.krg>;

2024 жылғы 17 желтоқсанда сағат 12:00-де Қарағанды облысы, Ақтоғай кенті, Бөкейхан көшесі 2, «Мәдени-демалыс орталығы» КМҚК ғимаратында онлайн-трансляцияны қамтамасыз етумен (Facebook әлеуметтік желісі арқылы өтеді <https://www.facebook.com/dkrem.krg>);

Тыңдауға мәслихат депутаттары, тұтынушылар, тәуелсіз сарапшылар, бұқаралық ақпарат құралдары, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің, табиғи монополиялар субъектілерінің және өзге де мүдделі тұлғалардың өкілдері шақырылады.

Департаменттің байланыс телефоны: 8 (7212) 41-34-20, «Казэнергоцентр» ЖШС байланыс телефондары 8 (7212) 25-82-15.

Проводятся публичные слушания

Департамент Комитета по регулированию естественных монополий по Карагандинской области, расположенный по адресу: г. Караганда, ул. Костенко, дом 6, (тел. 42-67-00, 41-18-27, сайт <https://www.gov.kz/memleket/entities/krem>) проводит публичные слушания по рассмотрению уведомления ТОО «Казэнергоцентр», расположенного по адресу: г. Балхаш, ул. М.Казбековой 19А, о предстоящем с 31.12.2024 года изменении предельной цены на услуги розничной реализации электрической энергии.

Публичные слушания состоятся с обеспечением онлайн-трансляции (посредством социальной сети Facebook <https://www.facebook.com/dkrem.krg>;

17 декабря 2024 года в 12:00 часов по адресу: Карагандинская область, Ақтоғайский район, п. Ақтоғай, ул.Бокейхана, дом 2, в здании КГКП «Культурно-досуговый центр», с обеспечением онлайн-трансляции (посредством социальной сети Facebook <https://www.facebook.com/dkrem.krg>);

На слушания приглашаются депутаты маслихатов, потребители, независимые эксперты, средства массовой информации, представители органов местного самоуправления, государственных органов, общественных объединений, субъектов естественных монополий и иных заинтересованных лиц.

Контактный телефон Департамента: 8 (7212) 41-34-20, контактные телефоны ТОО «Казэнергоцентр» 8 (7212) 25-82-15.

Открылось наследство после смерти Накиповой Орынгуль Орынбековна, 12.11.1973 года рождения умершей 26 июня 2024 года. Наследникам обращаться к нотариусу Имашевой М.К. по адресу Карагандинская область Ақтоғайский район поселок Сарышаған улица Темиржол 12 Б.

Құттықтаймыз!



Аса құрметті
бауырымыз **Сағынәлі
Түсіпбаев!**

Сені асқаралы 60 жасқа
толған мерейжасыңмен
құттықтаймыз.

Саған ең басты бай-
лық зор денсаулық,
отбасылық бақыт,
көптеген қуанышты
күндер тілейміз.

Қымбатты бауырым бүгінде ата-анамыздың
қарашаңырағына ие болып, бәріміздің ұйытқымыз
болып отырсың. Жанбөне екеуіңе біздің ризалығымыз
шексіз. Әркез ортамызда ойнап-күліп, тек той
шашуда басымыз қосылсын. Сен елге елеулі, халыққа
қалаулы болып, балаларыңды ер жеткізіп, жақсы
күндерге жеттіңдер. Аллам бақыттарыңды еселеп,
ұзақ ғұмыр берсін.

Есіміңіз әрдайым алтын, асыл,
Құтты болсын туған күн алпыс жасың.
Өміріңіз қуаныш пен шаттықты болып,
Көңіліңіз жұлдыздай жарқырасын.

**Ізгі тілекпен: ағаң – Сағынған, жеңгең – Сауық
және Түсіпбаевтар әулеті.**



Қымбатты бауырларымыз **Қанат-Нұрилла!**

Сендерді мерей жастарыңмен шын жүректен
құттықтаймыз. Басты байлық денсаулықтарың
мықты, ғұмыр жастарың ұзақ болсын.
Отбасыларыңа амандық тілейміз. Сендер
елге-елеулі, халыққа қалаулы жансыздар. Туған
жерге ауылымыздың өркендеуіне еңбек етіп,
халықтың батасын алып жүрсіңдер. Біз сендермен
мақтанамыз, осындай бауырларымыздың барына
қуанамыз.

Ашып өмір есігін нұрланды күн,
Шашу шаштық сол үшін жырдан бүгін.
Өздеріне, өзгеге де шуақ сыйлар,

Бауырларым құтты болсын туған күндерің

**Тілек білдірушілер: аға-жеңгең – Сағынбек-
Гүлишат, бауырларың – Серікбек, Нұрлыбек,
Жәнібек, Күнсұлу, Айсұлу.**

Құрметті оқырман!

«Ақтоғай ажары»
газетін сайттан да
оқыңыз!
<https://aqtogaiajary.kz/>

www.facebook.com/a.ajary.kz
[aqtogai_ajary](https://www.instagram.com/aqtogai_ajary)

**FACEBOOK, INSTAGRAM
ПАРАҚШАЛАРЫМЫЗҒА
ТІРКЕЛҮДІ ҰМЫТПАҢЫЗДАР!**

Жаңалықтан құр қалмаңыз!

Құттықтаймыз!

Құрметті құдамыз
**Түгелбаев Жанболат
Мәдениетұлы!**

Сізді асқаралы 60
жасқа толған мерей-
тойыңызбен құттық-
таймыз.

Сізге зор денсаулық, ұзақ
өмір, отбасылық бақыт
тілейміз. Құдағи екеуіңіз
балалардың ортасында
бақытты, шаттықты өмір
кешіңіздер. Асылдың
сынығындай екі арада
құдалығымыз жарасып
біз жүрейік. Әрбір арайлап
атқан таң сізге шаттық
сыйласын. Арайын-туыс
құрметіне, немерелеріңіздің
шаттығына бөленіп, шөберенің
қолынан су ішіңіз.

Ауылдастар едік біздер жүз көрген,
Құдай қосқан құда болдық Сіздермен.
"Сіз-біз" десіп, шаттық
кешіп өтейік,
Ата-анамыз басқан ізгі
іздермен.

60 жасқа жетті, құда,
жасыңыз, Аман болсын
мал-жананыңыз, басыңыз.
Құдағимен қол ұстасып,
жүп жазбай, Әлі талай
асулардан асыңыз!

**Ақ тілекпен: құда-құдағыңыз – Сайран-Клара,
балалары – Ерхан-Диана, немерелері – Раида,
Ерасыл, Ажар, Сәлсәбил, Дінмұхаммед.**



Құрметті **Түгелбаев
Жанболат Мадениятұлы!**

Сізді 60 жасқа толған
мерейтойыңызбен шын
жүректен құттықтай-
мыз.

Мерейлі белес, айтулы
асуға қадам басқан сізге
бастың амандығын, бала-
шаға шаттығын, зор
денсаулық пен шырайлы

өмір тілейміз. Өміріңіз қашанда көктемдей жарқын
әрі шуақты, жаздай жылы әрі жаймашуақ болсын.
Шаңырағыңызға шаттық, баянды бақыт тілей
отырып, өмірдің барлық қуанышын қызықтап,
немере-шөбере қызығына тоймай ұзақ ғұмыр кешуге
Алла нәсіп етсін дейміз.

Алғы күннен күтер әркім жақсы үміт,
Келе берсін басыңызға бақ күліп.

Шаттықпенен көріп таңның арайын,
Жаратушы төксің игі жақсылық.

Ізгі ниетпен: Сәтөковтер әулеті.



Құрметті досымыз
**Сәдуақасов Азамат
Дәртәйұлы!**

Сізді 50 жасқа толған
мерейжасыңмен шын
жүректен құттықтай-
мыз. Алланың берген жа-
сын жасап, жақынға
пейілді, туғанға мейірлі,
айналасына сыйлы
қалпыңызда жасай

беріңіз. Берекелі отбасының ақылышысы, өнегелі
ұл-қыз тәрбиелеп өсіріп отырған жанұясыздар.
Шаңырақтарыңызға шаттық, баянды бақыт,
зор денсаулық тілей отырып, өмірдің барлық
жақсылыққа толы шақтарын қызықтап, Айнаш
екеуіңіз балаларыңыздың қызық-қуаныштарын көре
беріңіздер.

Ақ түйенің қарны бүгін жарылсын,
Туған-туыс үйге бүгін ағылсын.

Ақ ниетпен тілеген ақ тілектер,
Періштенің құлағына шалынсын.

**Ізгі ниетпен: Сайран, Жанболат, Асхат,
Серікжан, Жанерке, Жайна, Пальмира, Света,
Жазира, Дәулет, Құрман, Гамал, Ерлан, Темірлан,
Талғат, Ергазы, Ерлан.**

Құттықтаймыз!



Құрметті әріптесіміз
**Жарқынбаев Қанат
Байғожаұлы!**

Сізді адам өмірінің
айтулы белесі – 60
жасқа толған мерей-
тойыңызбен шын жү-
ректен құттықтай
отырып, әріптесте-
ріңіздің ізгі көңілінен

шыққан ақ тілектерін жолдаймыз.

Сізге ақ ниетпен қартаймас жайдары көңіл, мәнді
де мағыналы өмір, сарқылмас қуат тілейміз. Көңіліңіз
шаттық пен қуанышқа, жанұяңыз бақ пен берекеге
толсын. Ұжымда адал еңбеккер, ортасына сыйлы
әріптес, отбасында мейірманды әке, аяулы жар
бола білген өзіңіздей абзал жанға осындай қуанышты
күні балаларыңыздың ортасында ұзақ ғұмыр кешіңіз.
Көресіз қуанышыңыз молынан болсын.

Бүгінгі тойларыңыз құтты болсын,
Отбасына ырыс пен бақыт қонсын.
Шаңырағыңыз шаттықтың мекені боп,
Әрқашан той-думанға орта толсын.

Ақ тілекпен: АО Қазақтелеком ұжымы.



Құрметті **Білісбеков Қанат Мұхтарұлы және
Жошыбекова Нұрилла Сағатбекқызы!**

Сіздерді мерей жастарыңызбен шын көңілмен
құттықтаймыз!

Замандастар мен құрдастардың арасында лайықты
орын алып келе жатқандарыңыз, әрине, толайым бір
бақыт. Осы қуанышты күндеріңізде сіздерге тірлікте
тұғырларыңыздан таймай, әлі де талай асуларды
табандылықпен алып, алға қойған мұраттарыңызға
сүрінбей жете беріңіздер. Өмірлеріңіз көктемдей
көрікті, жаздай жадыраңқы, күздей көріктенген
сары даламыздың құшағы кең белесіндей өрістей
беріңіздер. Әр атқан таң қуаныш пен жақсылыққа
толы болсын. Асқақ арман, асыл мұраттарыңыз
орындалып, бақыт пен баяндылықтың шапағатын
көре беруді Алла нәсіп етсін.

Асыл тілек айтылады ақ ниетпен,
Бақытты күн көрінсін көкжиектен.
Қуаныш тойға ұлассын дей отырып,
Құттықтаймыз сіздерді шын жүректен.

**Ізгі тілекпен: отбасылық достарың –
Сайран-Бота, Ермек-Меруерт, Зәмзагүл, Надира,
Абзал-Жазира, Алтай-Жанерке, Мамыр-Гүлмира,
Жандос-Анар.**

Сенім телефоны

Ақтоғай ауданының кәсіпкерлік
және өнеркәсіп бөлімінде мемлекеттік
қызметшілердің Әдеп Кодексін, мемлекеттік
қызмет туралы заңнамалардың, сыбайлас
жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы
заңдылықтардың талаптарын бұзу фактілері
туралы хабарлама жасау үшін 8(71037) 2-16-
34 нөмірлі сенім телефоны
жұмыс жасайды.



Мекен-жайымыз: 100200, Ақтоғай
ауылы, Абай көшесі, №1 а үй.
Телефондар: редактор: 2-18-81,
тілшілер, компьютер орталығы: 2-15-39

Электрондық пошта [aktogai_red @
mail.ru](mailto:aktogai_red@mail.ru)

Газетке А4 форматты 3 беттен асқан
материалдар қабылданбайды.

Құрылтайшы: **ЕЛЕУСИЗОВА ГҮЛНАР МЕТАЕВНА**

Редактор: **Г.ЕЛЕУСИЗОВА**

Меншік иесі: “Ақтоғай ажары” газеті
редакциясы ЖШС

Тіркеу куәлігі: №KZ94VPY00019192. (Қазақстан
Республикасы ақпарат және даму Министрлігі
2020 жылы 10 қаңтарында берілген)

Газет аптасына 1 рет шығады

Газет редакцияның компьютер
орталығында қатталып, Қарағанды
қаласында «Арқо» баспаханасы ЖШС-де
басылады. Сәтбаев көшесі, 15-үй

Мақала авторларының пікірі
газеттің көзқарасын білдірмейді.
Таралымы 880 дана